**«Home Credit Bank» АҚ**
**Директорлар кеңесінің шешімімен**
**бекітілген**
**19.03.2020 жылғы**
**№  7/2020 хаттама**

# «HOME CREDIT BANK» АҚ
# ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА
# БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ
# (3-нұсқа)

**Алматы қ.**

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

**МАЗМҰНЫ**

**Глава 1. Кешенді банктік қызмет көрсету талаптары**
**1-бап. Терминдер мен анықтамалар**
**2-бап. Негізгі ережелер**
**3-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**
**Глава 2. Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашудың және қызмет көрсетудің жалпы талаптары**
**1-бап. Негізгі ережелер**
**2-бап. Шотты жүргізу**
**3-бап. Шотты жабу**
**4-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**
**Глава 3. Салымдарды орналастырудың жалпы талаптары**
**1-бап. Терминдер мен анықтамалар**
**2-бап. Негізгі ережелер**
**3-бап. Салымды енгізу тәртібі**
**4-бап. Салымды қайтару тәртібі**
**5-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**
**Глава 4. Төлем карточкаларын шығарудың, қызмет көрсетудің және пайдаланудың жалпы талаптары**
**1-бап. Терминдер мен анықтамалар**
**2-бап. Негізгі ережелер**
**3-бап. Карточкаларды шығару**
**4-бап. Карточканы пайдалану ережелері**
**5-бап. Кредит карточкасы бойынша кредиттік лимит шеңберінде операцияларды және шот бойынша операцияларды жүргізу тәртібі**
**6-бап. Кредиттік лимит ұсыну**
**7-бап. Адалдық және бонустар бағдарламасы**
**8-бап. Берешекті және/немесе техникалық овердрафтты өтеу**
**9-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**
**Глава 5. Электрондық банктік қызметтерді көрсетудің жалпы талаптары**
**1-бап. Терминдер мен анықтамалар**
**2-бап. Негізгі ережелер**
**3-бап. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну талаптары**
**4-бап. Интернет-банкинг қызметін ұсыну және пайдалану тәртібі**
**5-бап. Шектеулі қолжетімділігі бар Клиенттерге электрондық банктік қызметтерді және төлем карточкасынан төлем карточкасына ақша аудару қызметін көрсету шарттары**
**6-бап. Электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсыну және пайдалану тәртібі**
*7-бап осы шартқа № 8 Өзгерістермен алып тасталды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*
**8-бап. Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру және тоқтату**
**9-бап. Қауіпсіздік рәсімдері**
**10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**
**Глава 6. Қорытынды ережелер**
**1-бап. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**
**2-бап. Тараптардың жауапкершілігі**
**3-бап. Дауларды реттеу**
**4-бап. Шарттың әрекеті, өзге де ережелер**

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

## 1-тарау. Кешенді банктік қызмет көрсету талаптары

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1) **авторизация** – Банк тарапынан карточканы пайдалана отырып, төлем жасауға немесе электрондық банктік қызметтерді алуға берілетін рұқсат;

2) **аутентификация** – Банк белгілеген қауіпсіздік рәсімін пайдалану арқылы электрондық құжат жасаудың түпнұсқалылығын және дұрыстығын растау;

*3) тармақша шартқа №7 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (19.08.2022 ж. № 31/2022 хаттама)*

3) **Банк** – «Home Credit Bank» акционерлік қоғамы (қысқартылған атауы - «Home Credit Bank» АҚ);

4) **банктік күн** – ҚР-ның банктері операцияларды жүргізуге ашық күн;

5) **банктік қарыз** – ҚР уәкілетті органы лицензиясының негізінде Банктің төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық негізінде берген ақшалай кредиті;

6) **банктік қызмет** – осы шартқа, сонымен бірге жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шартқа сәйкес көрсетілетін қызмет;

7) **банктік қызмет көрсету** – осы шарт пен ҚР заңнамасына сәйкес Клиентке қызмет көрсету;

8) **банкомат (АТМ)** – карточка ұстаушыларына қолма-қол ақшаны алуға және карточканы пайдалана отырып, басқа қызметтерді пайдалануға мүмкіндік беретін электронды-механикалық құрылғы;

*9) тармақша шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

9) **веб-сайт** – homecredit.kz, home.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет желісіндегі веб-сайты;

*1-бап осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

*9-1) тармақша шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

9-1) **бонус** – Клиентке ұсынылатын баллдар сомасы – Клиент төлем карточкасын пайдалана отырып карточкалық операцияны жүзеге асырған кезде Банк төлем карточкасын иеленушісіне өз қаражаты есебінен ұсынады. Бонустарды Банк Клиенттің бонустық шотына есептейді және олар шартта белгіленген тәртіптер және талаптарға сәйкес пайдаланылады. Карточканы шетел валютасында пайдалана отырып операция жасалған жағдайда Банк шарттың талаптарына сәйкес операция сомасын айырбастауды жүргізеді және бонустарды операцияның айырбасталған сомасынан теңгемен есептейді;

9-2) **бонустық шот** – бонустарды есептеуді және пайдалануды есепке алу үшін Банк ашатын ішкі (техникалық) шот; Банк Клиентке бірнеше бонустық шот ашуы мүмкін;

10) **үзінді-көшірме** – Банк белгілеген нысан бойынша қалыптастырылатын шот (шоттар) бойынша үзінді-көшірме;

11) **сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (СЖТМ)** – ҚР заңнамасына сәйкес есептелген қызметтер бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

*1-бап осы шартқа №3 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 11-1) тармақшамен толықтырылды (04.12.2020 ж. № 40/2020 хаттама)*

11-1) **Мемлекеттік корпорация** – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы немесе зейнетақы, жәрдемақы, өтемақы төлемдерін және әлеуметтік төлемдерді төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлға/ұйым;

12) **депозит** – Клиенттің Банкке оның алғашқы талап етуі бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін алдын ала келісілген үстемесімен не онсыз толық немесе бөліп-бөліп тікелей клиетке қайтарылуы не тапсыру бойынша үшінші тұлғаларға берілуі тиіс не тиіс емес екеніне қарамастан, оларды номиналды түрде қайтару талабымен беретін ақшасы;

13) **шарт** – Банктегі жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету жөніндегі осы шарт. Шарттың ажырамас құрамдас бөліктеріне осы жалпы шарттар, жалпы шарттар, тарифтер жатады;

14) **жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарт** – осы шарттың шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалынатын жекелеген банктік қызметтерді көрсету шарты, оның ішінде банктік салым шарты, банктік шот шарты, шотты ашпастан ақша аударымы туралы шарт, карточкаларды

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

шығару және қызмет көрсету шарты;

15) **өтініш** – Банк бекіткен нысан бойынша әзірленген және жеке тұлғалар Банкке банктік қызметті алу мақсатында жіберген өтініш;

16) **берешек** – кредит шарты және/немесе осы шартқа сәйкес жасалынған басқа мәмілелер бойынша Клиенттің орындалмаған ақшалай міндеттемелері;

17) **Клиентті сәйкестендіру** – Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген рәсімдердің негізінде Клиенттің жеке басын анықтау/растау;

18) **жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** – ҚР-ның уәкілетті мемлекеттік органының жеке тұлғаға арнап тағайындайтын және уәкілетті мемлекеттік орган берген Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатындағы немесе басқа құжатында көрсетілетін бірегей нөмірі;

19) **Клиент** – осы шартты және/немесе жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шартын жасасқан жеке тұлға;

20) **код сөзі** – Клиент таңдаған және Клиент Банкке ұсынған өтініште немесе өзге жазбаша құжаттарда көрсеткен, Клиентті телефон және/немесе байланыстың басқа арналары бойынша сәйкестендіру үшін тараптар пайдаланатын сандық, әріптік немесе әріптік-сандық комбинация. Банк жүйелеріне енгізу кезінде қателерді азайту мақсатында код сөзіне орыс әліпбиінің әріптері мен сандарын пайдалану қажет;

21) **кредит** – Банк Клиентке банктік қарыз шартына (кредит шартына) сәйкес ұсынған қаражат сомасы. Кредит (кредиттік лимит) сомасы Банктің операцияларды жүргізу жөніндегі жалпы шарттары ережелерінде бекітілген шекті сомадан аспауы тиіс;

22) **кредит шарты** – Банк пен Клиент арасында жасалынған, кредит шартының жалпы талаптарынан және кредит шартынан (жеке талаптардан) тұратын, жиынтығында бірыңғай кредит шарты болып табылатын кредит/карточка бойынша кредит және/немесе кредиттік лимит ұсыну туралы шарт, оған Клиент ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қағаз тасығыштағы немесе электрондық нысандағы кредит шартына (жеке талаптарға) қол қою арқылы жалпы қосылатын болады.

23) **байланыс орталығы** - телефон байланысын пайдалана отырып, Банк қызметтерін көрсетуге және Клиенттердің сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік беретін Клиенттерге көмек көрсету жүйесі;

24) **телефон нөмірі** – Банкпен ақпараттық және қаржылық өзара әрекеттесу, оның ішінде электрондық банктік қызметтерді алу үшін негізгі байланыс нөмірі ретінде Клиент Банкке ұсынған, ҚР-дағы ұялы байланыс операторының нөмірі болып табылатын және Банктің деректер базасында -тіркелген және Клиент соңғы көрсеткен нөмір;

25) **жалпы талаптар**– егер өзге жеке көрсетілмесе, келесі жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы жалпы талаптардың кез келген шарттары:

жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашудың және қызмет көрсетудің жалпы талаптары;

төлем карточкаларын шығарудың, қызмет көрсетудің және пайдаланудың жалпы талаптары;

салымдарды орналастырудың жалпы талаптары;

электрондық банктік қызметтерді ұсынудың жалпы талаптары;

төлемдерді және ақшалай аударымды шот ашпастан жасаудың жалпы талаптары;

*26) тармақша осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

26) **біржолғы код (SMS-код)** – 4 (төрт) - 6 (алты) таңбадан тұратын және тек Клиентке белгілі болатын, Клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құрылғылардың көмегімен құрылатын, Клиент электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізу үшін бір рет қана пайдалана алатын немесе Клиент транзакциялық-банктік қызметтерге қол жеткізу үшін бір рет қана пайдалана алатын бірегей цифрлық комбинация. Клиенттің электрондық банктік қызметтеріне немесе транзакциялық-банктік қызметтерге қайта қол жеткізуі үшін жаңа бір рет пайдаланылатын (біржолғы) кодты құрып, пайдалануы қажет. Банк бір реттік кодты Клиенттің сұрауы бойынша Клиенттің нөміріне SMS-хабарлама ретінде жібереді;

27) **операциялық күн (операциялық уақыт)** – Банк Клиенттерге ағымдағы банктік күніндегі кассалық операцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты қызметтерді көрсететін уақыт кезеңі;

28) **операция** – шоттарда көрсетілуі тиіс кез-келген операция (транзакция), оның ішінде карточканы пайдалана отырып, қарыз операцияларын (кредиттік лимит есебінен шығыс операцияларын) қоса алғандағы шығыс операциялары (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді төлеу,

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

қолма-қол ақшаны алу, ақша аударымдары), шоттарға ақшаны қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз әдіспен аудару; қайтарылатын төлемдер; Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеу үшін Банк тарапынан ақшаны есептен алу; шоттардан есептелген төлемдер мен комиссияларды алу; Клиенттің шоттарында көрсетілуге тиіс басқа да операциялар. Интернет-банкингте операцияларды жүргізген кезде Банктің аппараттық құралдарының жүйелі сағаттарындағы уақыт (Астана қ. уақыты бойынша) қолданылады;

29) **серіктестер** – Банк тарапынан банктік қызметтерді ұсыну кезінде Банкпен өзара серіктестік туралы шартты жасасқан ұйымдар және жеке кәсіпкерлер;

30) **төлем жүйесі** – карточканы пайдалана отырып, төлемдердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттама мен ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы;

31) **дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасығышта тіркелген Клиенттің биометрикалық деректерін қоса алғандағы Клиентке тікелей қатысты мәліметтер;

32) **Клиенттің тапсырмасы** – Банк электрондық банктік қызметтерді көрсеткен кезде пайдаланылатын байланыс арналары арқылы Банкке жіберілген Клиенттің банктік шоттарынан төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу туралы Клиенттің үкімі;

33) **Банк ғимараты** – Клиентке банктік қызметтер көрсетілетін Банктің филиалы, филиалдың қосымша үй-жайлары мен басқа ғимараттары;

34) **тіркеу** – Клиенттің дербес деректерін Банктің жүйесіне енгізу үдерісі;

35) **ҚР** – Қазақстан Республикасы;

36) **Банктің қызмет көрсету желісі** – Банктің кассалары, терминалдары, банкоматтары, интернет-банкинг (мобильді банкинг);

37) **тараптар** – Банк пен Клиент бірлесіп аталған кезде;

38) **шот** – банктік шот (ағымдағы, жинақ), оның ішінде шартта қарастырылған тәртіп пен талаптарға сәйкес банктік операцияларды жүзеге асыру мақсатында Банк Клиентке арнап ашқан, карточканы пайдалана отырып жасалынған операцияларды есепке алуға арналған ағымдағы шот;

39) **тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен банктік қызметтер мен операциялар үшін алымдардардың, комиссиялар мен сыйақылардың мұндай қызметтерді төлеу және/немесе операцияларды жүргізу күніне әрекет ететін мөлшерлемесі. Клиент Банктің тарифтерімен кез-келген уақытта Банктің барлық ғимараттарында және Банктің веб-сайтында таныса алады. Егер қандай да бір банктік қызметтер үшін тарифтер бекітілмесе, Банк мұндай банктік қызметтерді Клиентке тегін көрсетеді;

40) **тауар** - Клиент кредит және/немесе меншікті қаражат есебінен сатып алатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер;

41) **банк өнімдерінің талаптары** – банктік қызметті көрсету күнінде әрекет ететін Банктің сайтында және/немесе Банк ғимараттарының ақпараттық стендтерінде жарияланған Банк ұсынатын банктік қызметті ұсыну тарифтері мен параметрлерін, жалпы талаптарын анықтайтын Банктің құжаты. Егер Клиентпен жасалынған жеке кредит шартында өзгеше көзделмесе, банк өнімдерінің тиісті стандартты талаптары қолданылады. Егер банк өнімдерінің талаптары Банктің жалпы талаптарынан ерекшеленсе, банк өнімдерінің тиесілі стандартты талаптарына сәйкес бекітілген тарифтер қолданылады;

42) **электрондық құжат** - жөнелтуші жасаған және бұрмалаушылықтар және (немесе) жасалғаннан кейін оған енгізілген өзгерістер жоқ электрондық құжат;

43) **электрондық ақша** – ҚР-ның екінші деңгейдегі банктері-эмитенттері шығаратын және электрондық ақша жүйесінде төлемдер мен өзге де операцияларды жүзеге асыруға арналған электрондық ақша жүйесінің қатысушылары пайдаланылатын электрондық ақша. Электрондық ақша ҚР-ның ұлттық валютасында шығарылады;

44) **электрондық байланыс құралдары** – ҚР мемлекеттік байланыс стандарттарына сәйкес мобильді телефондар, коммуникаторлар, смартфондар мен GSM, CDMA және өзге де ұялы байланыс стандарттары бойынша жұмыс істейтін өзге құралдар;

45) **электрондық терминал** – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын не қолма-қол ақшаны қабылдау (беру) операцияларын жүзеге асыруға не шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға не өзге де операция түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған электрондық-

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

механикалық қондырғы;

46) **Пос-терминал** - автоматтандырылған режимде карточканы пайдалана отырып, операцияларды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын электрондық терминал;

*47) және 48) тармақшалар осы шартқа № 2 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (16.11.2020 ж. № 37/2020 хаттама)*

47) **тіркеу куәлігі** - электрондық цифрлық қолтаңбаның ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін электрондық құжат;

48) **куәландырушы орталық** - Банк немесе электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын өзге заңды тұлға;

49) **электрондық құжат** - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат;

50) **электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының көмегімен құрылған және электрондық құжат құрамының дұрыстығын, тиістілігін және өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдардың жиынтығы;

51) **SMS-хабарлама (SMS)** - Банк Клиенттің телефон нөміріне ұялы байланысты пайдалана отырып жіберетін бекітілген нысандағы қысқаша мәтіндік хабарлама.

## 2-бап. Негізгі ережелер

1. Осы шарт Банктің жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шарттары мен тәртібін, сонымен бірге жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарын жасасу тәртібін анықтайды.

2. Осы шарт Клиенттің ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес шартқа толық қосылуы арқылы жасалынады. Шарт келесі шарттардың бірі орын алған сәттен бастап жасалынған болып саналады:

1) Банк Клиенттің шартқа қосылу туралы жазбаша өтінішін алған және ол туралы Банктің өтініште растайтын белгісі қойылған немесе осы шартқа қосылу туралы талап мазмұндалған жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шартқа қол қойған күннен бастап;

2) Банк Клиенттен шартқа қосылу туралы өтінішін электрондық түрде алған және Банк Клиентке шотты ашқан күннен бастап;

3) Банк клиенттің оған мұндай банктік қызметті көрсету немесе төлемді жүзеге асыруды және/немесе электрондық терминал арқылы қолма-қол ақшаны енгізу арқылы ақшаны аударуды растайтын чекті берген сәтте жүгінген кезде төлем хабарламасын орындауға алған сәттен бастап;

4) осы шартта немесе Банк пен Клиент арасында жасалынған өзге шарттарда қарастырылған өзге әдіспен.

Егер өтініште жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы бірнеше шарттарды жасасу туралы талаптар болған жағдайда, осы тармақта қарастырылған бірінші орын алған талап осы шартты жасасу сәті болып табылады.

3. Жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарды жасасу және орындау ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы шарт тараптардың жекелеген банктік қызметтерді ұсыну туралы шарттармен реттелмеген қарым-қатынастарын реттейді.

4. Тараптар осы шарт немесе осы шарттың талаптары қолданылатын шарттардың шеңберінде жасалынған мәмілелер және өзге әрекеттер, дербес деректерді өзгертуді қоса алғанда келесі әдістердің бірімен жасалынса, егер ҚР заңнамасында тікелей өзгеше көзделмесе, жазбаша түрде жасалынған болып саналады:

1) Пос-терминалда, АТМ-да ПИН-кодты енгізу;

2) Банк телефон нөміріне жіберген кодты Клиенттің енгізуі;

3) электрондық және өзге хабарламалармен және құжаттармен алмасу, оның ішінде жеке кабинет, Банктің веб-сайты арқылы;

4) телефон нөмірі арқылы SMS-хабарламамен алмасу;

5) тараптардың қалауын білдіретін өзге әдістер, егер ҚР заңнамасында өзгеше тікелей белгіленбесе, жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі.

Осы тармаққа сәйкес өзгертілген дербес деректерді Банк тараптар арасында жасалынған кез келген өзге шарттарда қолданады.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

Клиент мәмілелерді жасасу кезінде Банк қолтаңбаның факсимильді көшірме құралдарын, электрондық цифрлық қолтаңбаны, егер ол ҚР заңнамасына қарама-қайшы болмаса, пайдалануға рұқсат етілетіндігімен келіседі.

5. Осы шартқа сәйкес Клиентке келесі банктік қызметтер көрсетілуі мүмкін:

1) банктік шоттарды ашу және қызмет көрсету;
2) салымдарды ашу және қызмет көрсету;
3) төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету;
4) электрондық банктік қызметтер;
5) шот ашпастан ақша аудару;
6) шартта қарастырылған өзге банктік қызметтер.

6. Клиентке шартта қарастырылған қандай да бір банктік қызметті ұсынудың негізгі шартына Клиентті оң сәйкестендіру, сонымен бірге электрондық банктік қызметтерді ұсынған жағдайда Клиентті аутентификациядан өткізу жатады.

7. Егер осы шарт пен Банктің ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, Клиентке банктік қызметті ұсынуға негіз болып Клиенттің өтініші немесе Банк бекіткен нысанда тиісті түрде ресімделген өзге құжат саналады.

8. Клиентке шартпен, оның жалпы талаптарымен және тарифтерімен танысу мүмкіндігін ұсыну үшін Банк оларды веб-сайтқа жариялайды. Банк Клиентке ақпарат Банктен екендігін анықтауға және мұндай ақпаратты алуға мүмкіндік беретін өзге әдістермен қосымша хабарлай алады.

9. Клиенттің бастамасымен шартта қарастырылған банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатуға негіз болып банктік қызметті ұсынуды тоқтату туралы тиісті өтініш немесе Банк бекіткен нысан бойынша тиісті түрде ресімделген өзге құжат саналады.

10. Банктік қызметтерді төлеу тарифтерде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында және (немесе) жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарында өзгеше көзделмесе, операцияны жүргізу (банктік қызметті көрсету) күнінде әрекет ететін жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарында бекітілген мөлшер мен мерзімде жүзеге асырылады. Қызметтерді төлеуді Банк Клиенттің шотынан комиссия сомасын есептен шығару арқылы акцептісіз тәртіпте немесе Клиенттің талап етілген соманы Банк кассасына енгізуі немесе ҚР заңнамасында, шарттар мен Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған өзге әдістермен жүргізіледі.

11. Комиссияларды есептеу тәртібі шарттарда және Банктің ішкі құжаттарында анықталады. Осы арқылы тараптар Клиент жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттар бұзылған жағдайда төлеген комиссиялары қайтарылмайтындығымен келіседі.

12. Егер шартта және (немесе) тарифтерде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында өзгеше көзделмесе, комиссиялық сыйақы сомасы төлем шотының валютасында алынады. Егер комиссия белгіленген валюта шот валютасынан өзгеше болса, комиссияны шоттан есептен шығарған кезде комиссиялық сыйақыны ұстап қалу күнінде әрекет ететін бағам бойынша Банкте бекітілген шот валютасына сома конверсиясы жүзеге асырылады.

13. Банк терминалдарын/банкоматтарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшамен байланысты операциялар (оның ішінде қолма-қол ақшаны салу) ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына, сонымен бірге тиісті төлем жүйесінің ережелеріне сәйкес Банк белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Клиент банк терминалдарын/банкоматтарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшаны 16:00-ден кейін салған жағдайда, ақша ҚР заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының және тиісті төлем жүйесінің нормаларын есепке ала отырып, келесі банктік күні есептеледі.

14. Клиент электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді және аударымдарды жасаған кезде, салым енгізген немесе салымды толықтырған жағдайда, аударым және/немесе төлем электрондық ақшаны электрондық ақшаның эмитенті болып табылатын Банк алған немесе ақша тиісті электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес электрондық ақшаның эмитенті басқа банк болып табылған кезде Банктің банктік шотына есепке алынған сәттен бастап есептелінеді.

15. Шоттан ақша берілген, оның ішінде 10 (он) АҚШ долларынан немесе 5 (бес) Еуродан кем сомаға Банк кассасы арқылы қолма-қол ақшалай шетел валютасында салым және/немесе ол бойынша есептелген сыйақы қайтарылған жағдайда, Банк айырбастау күні ҚР Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгеге тиісті соманы қолма-қол ақшасыз айырбастауға және теңгемен тиісті соманы беруге құқылы.

*1-тармақ осы шартқа №10 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (31.08.2023 ж. № 26/2023 хаттама)*

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

16. Банк жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады. Банк шотын ашқан кезде Банк клиентке веб-сайтта және/немесе мобильді қосымшада ақпаратты орналастыру арқылы қатысушы банктің куәлігінің нөмірі мен берілген күні туралы ақпарат береді. Клиент депозиттерге кепілдік беру шарттарымен, шартқа 4-қосымшада көрсетілген кепілдік өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібімен танысқанын растайды.

17. Осы шартқа сәйкес ашылатын шот (шоттар) бойынша кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметпен, жеке сот орындаушысының қызметімен байланысты операциялар жүзеге асырылмайды.

18. Банк ҚР заңнамасының талаптарын есепке ала отырып, Банк қызметкерлеріне ұсынылатын банктік қызметтердің ерекше шарттарын белгілей алады. Банк өнімдерінің ерекше талаптарына сәйкес банктік қызметтерді алуға ықылас білдірген қызметкер Банкке тиісті өтінішпен жүгінуге міндетті.

19. Клиент Банкпен осы шартты жасасу арқылы Банкке және байланыс операторларына:

1) Банк пен байланыс операторларының Клиенттің дербес деректерін үшінші тұлғаларға табыстау, оның ішінде деректерді трансшекаралық табыстау құқығын сақтай отырып, Клиентке кеңес беру, Клиентке Банк қызметтерін, байланыс операторлары мен олардың серіктестерінің қызметтерін ұсыну, Клиентпен шарттар жасасу туралы Банктің шешім қабылдауы, шарттарды жасасу және орындау, Банктің өз міндеттемелерін ҚР заңнамасына және (немесе) Клиент пен Банк арасындағы қарым-қатынасқа өзінің әрекетін тарататын шетел мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес орындау мақсатында өзінің дербес деректерін ҚР заңнамасымен рұқсат етілетін кез келген жолмен және кез келген, оның ішінде жалпыға қолжетімді дереккөздерден жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға;

2) Клиентті сәйкестендіру мақсатында шарттарды жасасу мен орындау кезінде алынған Клиенттің суреттерін (фотосуреттері мен видеожазбаларын) пайдалануға.

*19-бап осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 3) тармақшамен толықтырылды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

3) интернет/мобильді банкингті пайдаланған кезде Клиенттің орналасқан жері туралы ақпаратты пайдалануға рұқсат береді.

Аталған келісім Клиент Банкке және байланыс операторларына келісімін кері қайтару туралы жазбаша өтінішін жіберген сәтке дейін мерзімсіз әрекет етеді. Клиент өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімін, егер ол ҚР заңдарына қарама-қайшы келсе немесе Банк және/немесе байланыс операторының алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, кері қайтара алмайды.

Клиент Банкпен шарт жасасқан кезде үшінші тұлғаларға дербес деректерді өңдеу нәтижелерін, оның ішінде трансшекаралық мәліметтерді банкке беруге өз келісімін береді.

Дербес деректердің субъектісі осы тармақта қарастырылған бөлігінде осы Шартқа Банкке банктік қызметтерді көрсету туралы тиісті шарттарды жасасу мақсатында өзінің дербес деректерін нақты ұсынған сәтінен бастап қосылған болып саналады.

Клиент ҚР заңнамасына сәйкес шарттарды жасасу және орындау, Банктің өз міндеттемелерін орындау мақсатында жеке деректерін Банкке ұсынатын (ауызша немесе жазбаша) тұлғалардан ҚР заңнамасымен рұқсат етілген кез келген жолмен жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім алғанын растайды.

20. Клиент Банкке кез келген (оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес банктік құпияны құрайтын) ақпаратты келесі тұлғаларға беруге келісімін береді:

1) ҚР заңнамасында және (немесе) шетел мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздерде үшінші тұлғаларға;

2) Банктің Клиент алдындағы шарттық міндеттемелерін орындау, Клиенттің аударым мен төлемдер бойынша нұсқаулықтарын орындау мақсатында, Банктің мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатында, Банктің қалауы бойынша өзге жағдайларда үшінші тұлғаларға;

3) Банктен Клиентпен жасалынған шарт бойынша құқықтарды (талап етуді) сатып алған тұлғаға.

Осы келісім шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін де өз күшін сақтайды.

21. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының, сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, шартта көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

22. Банктік қызметтерді ұсынудың максималды мерзімі осы шартта, Клиентпен жасалынған өзге шарттарда және ҚР заңнамасында анықталады.

Банкте ашылған Клиенттің шоттары арасында ақша аударуды Банк бір операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

Халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары ҚР валюталық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, нұсқауды алған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірілмей орындалады.

Нұсқауды кері қайтарып алу туралы өкімді уақтылы алған жағдайда, Банк осындай нұсқау бойынша ақша аударуды жүзеге асырмайды, оны осындай өкімді алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей қайтарып, алынған өкімді орындау туралы хабарламаны бастамашыға жібереді.

23. Банк нұсқауды оны Клиент жіберген күні орындауды қамтамасыз етеді.

Ақшаны Клиенттің банктік шотына немесе Клиенттің пайдасына ақшаны қабылдауды көрсететін өзге шотына аудару туралы нұсқауды орындауды Банк ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

Нұсқауды орындаудан бас тартуды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бас тарту себептерін көрсете отырып, нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде жасайды.

24. Клиент жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарды, анықтамаларды, хаттарды және өзге де құжаттарды куәландыру үшін Банк жоғарыда көрсетілген құжаттарға механикалық және/немесе электрондық-цифрлық құралдарды пайдалана отырып, қойылған электрондық-цифрлық қолтаңбаны, Банктің уәкілетті тұлғасы қолтаңбасының факсимильді нұсқасын және/немесе Банк мөрінің графикалық түрін, сондай-ақ ҚР заңнамасында қарастырылған өзге де әдістерді пайдалана алатындығымен келіседі.

## 3-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк:

1) Клиентке шот ашуға, Клиенттің пайдасына қолма-қол енгізілген және/немесе қолма-қол ақшасыз аударылған ақшаны қабылдауға, мұндай ақшаны Клиенттің шоттарына ҚР заңнамасының, осы шарттың және жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарының талаптарын есепке ала отырып есепке алуға;

2) Клиентке шоттың ашылуы мен оның деректемелері туралы Банк төмендегі әдістердің кез-келген бір түрін (оның ішінде пошталық байланыс, электрондық пошта, SMS-хабарлама, интернет-банкинг арқылы) таңдай отырып, Клиент Банкке шотты ашу барысында ұсынған деректемелері бойынша хабарлауға;

3) Клиентке оның сұрауы бойынша банктік операцияларды жүргізудің жалпы талаптары, сондай-ақ банктің тарифтері және (немесе) банк өнімдерінің талаптары туралы ақпаратты Банктің ғимараттарында және/немесе веб-сайтында жариялау арқылы ұсынуға;

4) рұқсат етілмеген төлемдердің алдын алу, мұндай оқиғаларды тергеу, іс-шаралар қабылдау мәселелері бойынша қызметтесуге;

5) шот бойынша қызмет көрсетуді ҚР заңнамасына, шарттың талаптарына, ережелерге және Банктің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етуге;

6) бос ақша көлемінде Клиенттің шоты бойынша операцияларды уақтылы және толық көлемде жүргізуге;

7) жазбаша сұрауды алған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде Клиентке шот бойынша қосымша үзінді-көшірмелерді Банктің ағымдағы тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес комиссияларды ала отырып ұсынуға;

*8) тармақша осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

8) Клиенттің жазбаша өтінішін ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде қарастырып, оған жазбаша жауап әзірлеуге;

9) Клиенттің келісімінсіз (акцептісіз тәртіпте) оның шотынан ақшаны ҚР заңнамасында, шартта, Банк пен Клиент арасында жасалынған өзге де келісімдерде белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана алуға. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алудың негізділігі үшін өндіріп алушы жауапты болады.

10) ҚР заңнамасында және шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің дербес

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

деректерін, Клиентке қатысты банктік құпияны жарияламауға;

11) Клиентке ол Банк бөлімшесіне/кеңсесіне жүгінген кезде, интернет-банкинг және (немесе) SMS-хабарламалар және (немесе) ақпаратты электрондық терминал экранына жариялау немесе шартта қарастырылған өзге де әдіс арқылы оның пайдаласына ақшаны қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге;

12) Клиентке төлем тапсырмасын орындаудан бас тарту туралы хабарламаны интернет-банкинг және (немесе) SMS-хабарламалар және (немесе) ақпаратты электрондық терминал экранына жариялау немесе шартта қарастырылған өзге әдіс арқылы жеткізуге;

13) ҚР заңнамасымен және шартпен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

2. Банк:

1) Клиентке ауызша немесе жазбаша нысанда жасалған шарттар жөнінде, оның ішінде шоттың жай-күйі, ол бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді, сонымен қатар Банктің қызметі, банк өнімдерінің талаптары туралы кез келген ақпараттық материалдарды (оның ішінде хабарламаларды) Банктің сұратуы бойынша Клиент Шартты жасасу кезінде көрсеткен тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН, код сөзін немесе өзге ақпаратты хабарлаған жағдайда Банктің бастамасымен немесе Клиенттің бастамасымен ашық байланыс арналары арқылы, сонымен қатар пошта (электрондық поштаны қоса алғанда) арқылы, курьер арқылы, қолма-қол, ұялы (SMS) және факсимильді байланыс арқылы табыстауға. Клиент Шартқа сәйкес ашық байланыс арналары арқылы банк жіберген ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін мойындайтынын растайды және осындай тәуекелді өзіне алады;

2) жаңа шотты ашудан, егер мұндай валютада ашылған шот болса, бас тартуға;

3) ішкі рәсімдерге сәйкес үшінші тұлғаларға шот бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға;

4) біржақты тәртіппен осы шартты, тарифтерді, банк өнімдерінің талаптарын толығымен немесе ҚР заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, жекелеген банктік қызметтер бөлігінде өзгертуге және/немесе толықтыруға. Банк Клиентке мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты төменде көрсетілген әдістердің кез-келген біреуін пайдалана отырып (Банктің қалауы бойынша) хабарлайды:

Банк ғимараттарындағы ақпараттық стендтер арқылы;

Банктің веб-сайты арқылы;

Клиентке жаңа шартты, тарифтерді, қағаз тасығыштағы толықтырулар және/немесе өзгерістер есепке алынған банк өнімдерінің талаптарын ұсыну арқылы;

электрондық пошта арқылы;

SMS-хабарлама арқылы;

өзге әдіспен.

Егер ҚР заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, Банктің шартты және (немесе) тарифтерді және (немесе) банк өнімдерінің талаптарын кез келген өзгертуі Клиент үшін мұндай өзгерістер күшіне енген күннен бастап міндетті болып табылады. Егер Клиент өзгерістермен келіспесе, Клиент тиісті банктік қызметтерді пайдаланудан бас тартуға;

5) Клиент шарт шеңберінде пайдалана алатын банктік операциялардың және (немесе) қызметтердің тізімін анықтауға, өзгертуге, оның ішінде толықтыруға;

6) Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі болған жағдайда, Банк Клиенттің шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

7) Клиенттен өзін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, сонымен қатар салық резиденттілігі, қызмет түрі туралы және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге. Клиент Банкке сұралып отырған ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті;

8) егер Клиент сәйкестендірілмеген болса немесе Клиент осындай қызмет түрлерін көрсету үшін ҚР заңнамасында немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды, не Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынбаса немесе дұрыс емес құжаттарды ұсынған жағдайда, банктік қызмет көрсетуден бас тартуға;

9) Клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды олардың ҚР заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында сұрауға;

10) ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің шоттары бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

11) төлем деректемелерін көрсеткен кезде Клиент жіберген қателер анықталған жағдайда, Клиент Банкке қажет құжаттардың/деректемелердің толық емес жиынтығын ұсынған кезде немесе мүлдем ұсынбаған кезде, сонымен бірге операциялар ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;

12) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Клиентке тиісті қызмет көрсету мақсатында оған қосымша ескертусіз өзінің үй-жайларында және өз құрылғыларында бейнебақылау, сондай-ақ аудио және телефон жазбаларын жүргізуге. Бейнежазбалар мен телефонмен сөйлесу жазбалары Банк пен Клиент арасындағы дауларды қарау кезінде, сондай-ақ өзге жағдайларда дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін;

13) шарт негізінде Клиентке алдын ала ескерту жібермestен шоттан, сондай-ақ клиенттің кез келген басқа да банктік шоттарынан Банкке тиесілі соманы, Клиенттің Банк алдындағы қолданыстағы ақшалай міндеттемелері бойынша берешекті және (немесе) шарт негізінде Банкке тиесілі комиссиялар мен алымдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, сонымен бірге шотқа қате аударылған ақшаны тікелей дебеттеу арқылы алуға. Осы арқылы Клиент Банкке шарттың сомасы мен талаптарында ақшаны тікелей дебеттеуді жүзеге асыруға сөзсіз және даусыз құқық береді;

14) Клиенттің қосымша келісімінсіз шот валютасынан ерекшеленетін Банкке түскен валютадағы ақшаны Банк айырбастау күніне белгілеген бағам бойынша айырбастауды жүргізуге;

15) Клиент жүргізген операцияларға қатысты дауларды мұндай операцияларды жүргізген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін қабылдамауға;

16) Клиент Банкке шартты бұзу немесе шарттан бас тарту туралы жазбаша өтінішті ұсынған жағдайда, Клиентке карточка/шот бойынша қызмет көрсеткені үшін комиссияны қайтармауға;

17) Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда, банктік қызмет көрсетуде шектеу туралы ескертуге немесе банктік қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;

18) Клиентке алдын ала хабарлама жібермestен шартты орындаудан толық немесе ішінара бір жақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға, карточканы шығармауға/қайта шығаруға, сонымен бірге карточканы келешекте алу құқығымен карточканы бұғаттауға және (немесе) Клиенттің шотын (оның ішінде шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату) Банк өз талаптарын қанағаттандыру мақсатында шотты тікелей дебеттеу арқылы шоттағы ақшаны өндіріп алу құқығымен бұғаттауға:

Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

кредит шартының талаптарын орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған немесе Клиенттің Банк алдында өзге де орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда;

шот бойынша соңғы операцияны жүргізген (карточканы пайдалана отырып) күннен бастап шот бойынша соңғы күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде операциялар болмаған жағдайда;

шотқа ақша қате есепке алынған жағдайда;

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген жағдайларда;

Клиент Банк талап еткен құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған жағдайда;

карточканың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда;

банк қызметкерімен еңбек қатынастары тоқтатылған кезде, егер карточка банк қызметкерлері үшін банк өнімдерінің ерекше талаптары бойынша берілген жағдайда;

Банктің қалауы бойынша немесе ҚР заңнамасында көзделген кез-келген өзге жағдайларда;

19) операциялардың ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асыруға тыйым салуға;

20) Клиенттің нұсқауын орындаудан, егер мұндай нұсқау және ол бойынша ұсынылған құжаттар ҚР заңнамасының талаптарына қайшы келген жағдайда, бас тартуға;

21) есептелген айыппұлдарды (өсімақыны) өндіріп алудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Клиенттен оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындауды талап етпеуге;

*2-тармақ осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 21-1) тармақшамен толықтырылсын (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

21-1) өз клиенттері үшін бейілділік және бонустардың арнайы бағдарламаларын жүргізуге. Банк бейілділік және бонустар бағдарламасын жүргізетін Банк өнімдерінің санаттары Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді. Бейілділік және бонустардың тиісті бағдарламалары туралы ақпарат Банктің веб-сайтында және/немесе мобильді қосымшада жарияланады;

*2-тармақ осы шартқа №3 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 21-2) тармақшамен*

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

*толықтырылсын (04.12.2020 ж. № 40/2020 хаттама)*

21-2) Клиент мемлекеттік бюджеттен берілетін зейнетақыны, жәрдемақыларды және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін әлеуметтік төлемдерді жәрдемақы алуға арналған шотқа алған жағдайда Клиент мемлекеттік бюджеттен берілетін зейнетақыны және (немесе) жәрдемақыларды және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін әлеуметтік төлемдерді алу үшін шарт талаптары туралы ақпаратты, Клиенттің ЖСН нөмірін, Клиенттің банктік құпиясын құрайтын жәрдемақы алуға арналған шот нөімір туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияға беруге; Клиент осы арқылы өзінің сөзсіз және кері қайтарып алынбайтын келісімін береді;

22) ҚР заңнамасымен, Банк пен Клиент арасында жасалынған шарттармен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Клиент:

1) осы шартқа және жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарына сәйкес міндеттемелерді уақытында және толық көлемде орындауға;

2) жеке басын куәландыратын құжат деректері, тұрғылықты мекенжайы, еңбек қызметі орындарының, төлем деректемелерінің, телефон нөмірлерінің деректері, сонымен бірге Банкке ұсынылатын басқа деректер өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды тараптармен келісілген байланыс құралдарының кез-келген бір түрімен немесе жазбаша түрде 3 (үш) банктік күн ішінде ұсынуға;

*3) тармақша осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

3) интернет-банкингке кіруге, ПИН-кодқа, карточкаға немесе оның деректемелеріне, телефон нөмірі, ЭЦҚ бар sim-картаға қажет ақпараттың (оның ішінде логин, жеке құпиясөз, SMS-код) сақталуын, рұқсат етілмеген қолдануды болдырмайтын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге. Интернет-банкингке кіруге, ПИН-кодқа, карточкаға немесе оның деректемелеріне, телефон нөмірі, ЭЦҚ бар sim-картаға қажет ақпаратты (оның ішінде логин, жеке құпиясөз, SMS-код) үшінші тұлғаларға беруге болмайды. ПИН-кодты, логинді, жеке құпиясөзді, SMS-кодты немесе картаны, телефон нөмірі, ЭЦҚ бар sim-карта салынған ұялы телефонды жоғалтқан жағдайда, сонымен бірге үшінші тұлғалардың логинді, жеке құпиясөзді, SMS-кодты, ПИН-кодты, телефон нөмірі, ЭЦҚ бар sim-карта салынған ұялы телефонды заңсыз пайдалану қаупі туындаған кезде осы туралы дереу барлық қолжетімді байланыс арналары арқылы Банкке хабарлауға. Жеке құпиясөз туралы ақпаратты жариялау кезінде жеке құпиясөзді интернет-банкинг арқылы ауыстыруға. Клиенттің интернет-банкингке кіру мүмкіндігі болмаған жағдайда, дереу Банкке хабарласуға. Клиент:

электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді бұғаттау (тоқтату) үшін байланыс орталығына жүгінуге;

телефон нөмірін ұялы байланыс операторы арқылы бұғаттауға құқылы;

4) Банк қызметтерін жекелеген банктік қызметтерді ұсыну шарттарына, Банк белгілеген тарифтерге және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес төлеуге;

5) Банкке өз шоттарына заңсыз кіру фактілерін немесе заңсыз кіру фактілерінің болуына күдік болған жағдайда, дереу хабарлауға;

6) ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы ақпарат пен барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;

7) ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттары мен шартқа сәйкес шотта сақталатын ақшаға иелік етуге;

8) кәсіпкерлік, адвокаттық, нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау бойынша қызметті, дауларды медиация тәртібімен реттеу бойынша қызметті жүзеге асырумен байланысты шоттар бойынша операцияларды жүргізбеуге;

9) Клиенттің кінәсінен Банкке келтірілген барлық шығыстарды және сот шығындарын сөзсіз тәртіппен өтеуге;

10) шотқа қате аударылған немесе Банк тарапынан Клиенттің немесе Клиент көрсеткен үшінші тұлғалардың пайдасына қате есептелген ақшаны Банк операцияларды жүргізген күннен бастап 2 (екі) банктік күн ішінде, бірақ Банк белгілеген ақшалай қаражатты қайтару туралы хабарламадағы мерзімнен кешіктірмей қайтаруға;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

11) шот бойынша операцияны орындау үшін, оның ішінде комиссияны және/немесе жүргізілген операция үшін алымды төлеуге қажетті шотта ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;

12) сенімхат негізінде шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалар ауысқан немесе мұндай тұлғалардың уәкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, ол туралы Банкке жазбаша түрде немесе тараптармен келісілген басқа да байланыс құралдары арқылы дереу хабарлауға және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуға. Банк Клиент шотқа иелік етуге уәкілеттілік берген тұлғалардың іс-әрекеттеріне, егер Клиент Банкке мұндай тұлғалардың ауысуы немесе олардың уәкілеттілігі мерзімінен бұрын аяқталғандығы туралы хабарлама жібермеген/уақтылы жібермеген жағдайда жауапты болмайды;

13) шотқа ақшаны қате аудару фактісі анықталған жағдайда, ол туралы Банкке қате аударым/төлем туралы мәліметтері бар шот бойынша үзінді-көшірмені алған күннен бастап немесе өзге дереккөздерден (төлем құжаттары, интернет-банкинг, жазбаша хабарлама, SMS-хабарламалар және т.с.с. арқылы) шотқа ақшаны қате аудару туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде хабарлауға;

14) шоттан алдын ала қолма-қол ақшаны алу үшін мұндай соманы алудың болжалды күніне кемінде 5 (бес) банктік күні бұрын Банк бекіткен нысандағы тиісті жазбаша өтінішті ұсынуға. Осы тармақтың талаптарына қарамастан, Клиент Банкке шотынан қолма-қол ақшаны Банктің кассасы арқылы алу үшін жүгінсе, Банк өз қалауы бойынша Клиентке жоғарыда көрсетілген өтінішті ұсынған күні сұрау салынған соманы бере алады;

15) ҚР заңнамасымен, Банк пен Клиент арасында жасалынған шарттармен белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4. Клиент:

*1) тармақша осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

1) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, Банкке жазбаша өтінішпен жүгінуге және жауап алуға;

2) шарт шеңберінде операцияларды жүргізу, банктік қызметтерді және өзге ақпаратты ұсыну сұрақтары бойынша Банктен консультация алуға. Көрсетілген ақпарат Клиентке Банктің ғимараттарында, веб-сайтында, Клиенттің жазбаша өтінішіне жауап түрінде, ал байланыс орталығына хабарласқан кезде интернет-банкинг немесе шартта қарастырылған өзге әдіспен ұсынылуы мүмкін;

3) Банктің ғимараттарында немесе электрондық банктік қызметтердің көмегімен шоттағы қалдық туралы мәліметтерді алуға;

4) шарт талаптарына сәйкес жазбаша түрде операциялар бойынша шағымдарымен Банкке жүгінуге;

5) шоттағы ақша сомасы, сонымен бірге кредиттік лимит шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және ҚР заңнамасына, Банктің ережелері мен басқа да ішкі құжаттарына қайшы келмейтін операцияларды жүргізуге;

6) Банкке карточканы бұғаттау немесе бұғаттан шығару туралы ауызша және (немесе) жазбаша өтінішімен ережелерде және шарттың талаптарында қарастырылған тәртіпте жүгінуге. Клиент карточканы бұғаттау туралы өтінішін Банкке телефон немесе байланыстың басқа арналары немесе Банкке тікелей жазбаша жүгіну арқылы ұсына алады. Карточканы бұғаттағаны/бұғаттан шығарғаны үшін Банк операцияны жүргізу сәтінде қолданылатын Банк тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес комиссия алады;

7) Банк көрсететін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, жазбаша түрде Банкке жүгінуге, сондай-ақ растайтын құжаттарды (сауда чектерін және т.с.с.) міндетті түрде қоса бере отырып, шығынды өтеу туралы талапты қоюға;

8) Банкке растайтын құжаттарды (сауда чектері және т.с.с.) міндетті түрде қоса бере отырып, шығындарды өтеу туралы талаптарды қоюға;

9) шарт талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде шартта көзделген тәртіппен банк ұсынған жақсартатын талаптардан бас тартуға;

10) ҚР заңнамасымен, тараптар арасында жасалынған шарттармен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

5. Көрсетілген құқықтар мен міндеттерден басқа тараптар төмендегі жалпы талаптарда белгіленген құқықтарды және міндеттерді басшылыққа алады.

## 2-тарау. Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашудың және қызмет көрсетудің жалпы талаптары

### 1-бап. Негізгі ережелер

1. Банк Клиент ҚР заңнамасында және көрсетілген операцияларды жүргізуге қатысты Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, осы шарттың негізінде ағымдағы шоттарды ашады, оларды жүргізеді (қызмет көрсетеді) және жабады.

Тараптардың келісімі бойынша ағымдағы шотты ашу және оған қызмет көрсету шарттарын ағымдағы шоттың жеке шарты ретінде ресімдеуге болады, бұл ретте тараптар мұндай шарттарға қол қоюы тиіс.

2. Банк шотты келесі негіздер бойынша аша алады:

1) Банк бекіткен нысандағы тараптар қол қойған өтініш;

2) Банк бекіткен нысандағы Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып, интернет-банкингте қалыптастырылған өтініш.

3. Банк Клиентке шотты өтініште көрсетілген валютада ашады.

4. Банк төменде көрсетілген әдістердің бірін немесе әдістердің бірнеше нұсқасын пайдалана отырып, Клиентке Банкте оның атына ашылған шоттың нөмірі туралы хабарлайды:

1) Клиент Банктің ғимаратына тікелей жүгінген кезде, бұл ретте Клиент ағымдағы шоттың нөмірі көрсетілген Банк қызметкерінің қолымен куәландырылған жазбаша құжатты алуға құқылы;

2) интернет-банкинг арқылы.

5. Клиент интернет-банкинг арқылы шотты ашқан жағдайда, Банк Клиентке интернет-банкингтің көмегімен келісілген шарттарда шотты ашу арқылы растау немесе шотты ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.

6. Өтініш пен Банктің интернет-банкинг жүйесінде қалыптастырған шотты ашу туралы растауы Банктің дерекқорында электрондық нысанда сақталынады.

7. Клиент Банктің кез-келген бөлімшесінен интернет-банкинг көмегімен ашылған ағымдағы шоттары бойынша қағаз тасығышта шотты ашу туралы өтініштің данасын және шотты ашуды растаудың данасын алуға құқылы.

8. Интернет-банкинг арқылы ағымдағы шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыру тәртібі электрондық банктік қызметтерді ұсыну шарттарымен анықталған. Карточкалар бойынша ашылған ағымдағы шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыру тәртібі төлем карточкаларын шығару, олар бойынша қызмет көрсету мен мұндай карточкаларды пайдалану шарттарымен анықталған.

9. Клиенттің Банктегі шоттары бойынша интернет-банкингті пайдалана отырып жүзеге асыратын жекелеген банктік операцияларға қатысты ҚР заңнамасында, Банктің және (немесе) басқа банктердің, қаржы ұйымдарының және (немесе) мұндай операцияларды жүзеге асыратын төлем жүйелерінің ішкі құжаттарымен белгіленген шектеулер қолданылуы мүмкін.

### 2-бап. Шотты жүргізу

1. Банк шотты жүргізуді ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Банк Шот бойынша келесі операцияларды жүзеге асырады:

1) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ақшаны шотқа есепке алады және шоттағы ақшаны есептен шығарады;

2) ҚР заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшаны қабылдайды және қолма-қол ақшаны береді;

3) Клиенттің Банктегі және басқа банктердегі шоттарынан аударылатын, сонымен қатар үшінші тұлғалар тарапынан Клиент пайдасына аударылатын ақшаны шотқа есепке алады;

4) Клиенттің төлем тапсырмасы бойынша шоттағы ақшаны Банкте және басқа банктердегі шоттарға, сонымен қатар үшінші тұлғалардың пайдасына аударады;

5) ҚР заңнамасында және/немесе шартта көзделген негіздер бойынша Клиенттің ақшасын алу туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындайды;

6) Клиенттің талабы бойынша Банктің операциялық күні ішінде шоттан үзінді-көшірмелерді береді. Шот бойынша үзінді-көшірмелер электрондық банктік қызметтерді пайдалана отырып немесе қолма-қол берілуі мүмкін;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

7) ҚР заңнамасында және шартта көзделген өзге операциялар.

3. Банк Клиенттің шоты бойынша барлық шығыс операцияларды сол шоттағы қаражат сомасының шегінде жүзеге асырады.

4. Банк шот бойынша шығыс операцияларды, егер Банка Клиент хабарсыз жоқ болу/қайтыс болу/қайтыс болды деп жариялау фактісін растайтын құжатты алған кезде, тоқтатуға құқылы.

5. Банк Клиенттің шоттарына ақшалай қаражатты мұндай ақшалай қаражат Банктің шотына түскен күннен кейінгі банктік күнінен кешіктірмейтін мерзімде, егер үшінші тұлғалармен шоттарға ақшалай қаражатты есепке алу туралы жекелеген шарттарда өзгеше, яғни есепке алудың қысқартылған мерзімі қарастырылмаса, есепке алады.

6. Шот бойынша барлық операцияларды Клиенттің заңды өкілдері, қамқоршылары мен қорғаншылары тек қана Клиент берген және нотариалды түрде куәландырылған сенімхаттың негізінде ғана жүзеге асыра алады. Банк өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес үшінші тұлғаларға операцияларды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

7. Клиенттің шотынан ақшаны оның келісімінсіз/акцептісіз алу тек қана ҚР заңнамасында және шартта қарастырылған жағдайларда ғана жүргізіледі. Клиенттің шоты бойынша операцияларды тоқтату мен оның шотындағы ақшаға тыйым салу ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Банк мұндай жағдайларда Клиентке келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

8. Қайтыс болған/қайтыс болды деп жарияланған Клиенттің шотынан ақшаны мұрагерлерге/заңнамаға сәйкес уәкілетті өзге тұлғаларға тарифтерге сәйкес Банк комиссияларын есептен шығара отырып, заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген құжаттардың негізінде және мерзімге сәйкес беру жүзеге асырылады.

9. Банк Клиенттің ағымдағы шотындағы ақшаны пайдаланғаны үшін оған сыйақы есептемейді.

10. Шотты кредиттеу, тараптар арасындағы жеке келісімде өзгеше көзделмесе, жүзеге асырылмайды

11. Шот бойынша валюталық операцияларды жүргізу ҚР валюталық заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Шотқа қолма-қол ақшасыз тәртіпте немесе шот валютасынан ерекшеленетін валютада қолма-қол ақшалай қаражат түскен жағдайда, Банк шотқа ақшалай қаражатты есепке алу бойынша операцияларды жүзеге асыру сәтінде Банк бекіткен валюта бағамы бойынша түскен (енгізілген) соманы конвертациядан өткізеді.

13. Клиент өзінің жеке кәсіпкерлік қызметімен байланысты шығыс/кіріс операцияларын жүзеге асырмауға, сонымен бірге кәсіпкерлік қызметпен байланысты аударымдарды (төлемдерді) шотқа үшінші тұлғалардың аудару жағдайларын болдырмауға міндетті.

14. Клиенттің шоты бойынша қызмет көрсетумен байланысты Банктің пошталық және өзге шығыстарын Клиент Банк белгілеген тарифтерге сәйкес және (немесе) банк өнімдерінің талаптарымен белгіленген мөлшерде толық көлемде өтейді.

15. Банк Клиенттен ҚР заңнамасының талаптарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізіліп жатқан операцияға қатысты құжаттар мен қосымша ақпаратты талап етуге құқылы.

16. Клиент конверсиялық операцияларды жүргізуді реттейтін ҚР заңнамасын сақтауға міндетті. Айырбастау Клиенттің тиісті түрде ресімделген нұсқауы негізінде шоттағы сома шегінде жүзеге асырылады. Айырбастау бойынша операциялар жүргізілетін валюталардың тізімін Банк жеке белгілейді және өз қалауы бойынша өзгерте алады. Операциялар ағымдағы валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады және мұндай операцияларды жүргізу сәтінде әрекет ететін Банктің тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес комиссия алынады.

17. Қайтыс болған/қайтыс болды деп жарияланған Клиенттің шотынан ақшаны мұрагерлерге/заңнамаға сәйкес уәкілетті өзге тұлғаларға тарифтерге сәйкес Банк комиссияларын есептен шығара отырып, заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген құжаттардың негізінде және мерзімге сәйкес беру жүзеге асырылады.

*2-бап осы шартқа №3 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 18-тармақпен толықтырылсын (04.12.2020 ж. № 40/2020 хаттама).*

18. Клиент қайтыс болған, Қазақстаннан тыс жерге көшіп кеткен жағдайда ол Банкке Мемлекеттік корпорация артық аударған (есепке алған) жәрдемақы, зейнетақы, өтемақы, әлеуметтік төлем сомасын тікелей дебеттеу арқылы шоттан алуға сөзсіз және кері қайтарып алынбайтын келісімін береді. Бұл ретте жәрдемақының, зейнетақының, өтемақының, әлеуметтік төлемнің сомасын көрсетілген тәсілмен

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

шоттан алу үшін Мемлекеттік корпорация Банкке клиент қайтыс болған, Қазақстаннан тыс жерге көшіп кеткен жағдайда мемелекеттік бюджетке, Мемлекеттік корпорацияға қайтарылуы тиіс жәрдемақының, зейнетақының, өтемақының, әлеуметтік төлемнің сомасын көрсете отырып, жәрдемақы, зейнетақы, өтемақы, әлеуметтік төлем шотына артық ақша аударылғаны туралы құжат ұсынуы тиіс.

*2-тарау осы шартқа №3 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 2-1 баппен толықтырылды (04.12.2020 ж. № 40/2020 хаттама).*

**2-1 бап. Арнайы шот бойынша жүзеге асырылатын операциялар**

1. Клиент мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, біржолғы және өзге де төлемдерді алу мақсатында Банкке арнайы шот ашуға өтініш беруге құқылы.
2. Арнайы шотты ашу кезінде Банк Клиенттің пайдасына түсетін ақшаны мемлекеттік бюджеттен берілетін жәрдемақылар және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер түрінде ғана қабылдау жөніндегі міндеттерді өзіне алады. Ақша басқа көздерден түскен жағдайда, төлем құжаты бастамашыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдаудан бас тартылатыны көрсетіле отырып, қайтарылады.
3. Арнайы шот бойынша белгілі бір жұмыс режимі қолданылады:

Клиенттің және (немесе) үшінші тұлғалардың арнайы шотқа қолма-қол ақша салуына тыйым салынады;

арнайы шотқа қолма-қол ақшасыз түсімдер осы баптың 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады;

Клиенттің өзінің шоттарына аударымдарды қоспағанда, арнайы шоттан қолма-қол ақшасыз аударымдарға тыйым салынады;

арнайы шотқа Клиенттің Банктен алған қарыздары бойынша және басқа Екінші деңгейдегі банктер берген қарыздары бойынша ақша өндіріп алу үшін тыйым салыну қолданылмайды;

арнайы шот бойынша теңгені валютаның басқа түріне айырбастау операциялары жүзеге асырылмайды;

қарыз беруге байланысты қызметтер бойынша комиссиялар мен сыйақыларды қоспағанда, арнайы шоттан Банк тарифтерінде көзделген барлық комиссиялар ұсталуы мүмкін.

4. Жәрдемақы алуға арналған арнайы шот бойынша шығыс операцияларын үшінші тұлғалар Клиенттің атынан берілген нотариат куәландырған сенімхат негізінде ғана, сондай-ақ Клиенттің заңды өкілдері, қамқоршылары және қорғаншылары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асыра алады.

**3-бап. Шотты жабу**

1. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, клиент шотты оның жазбаша өтініші бойынша кез келген уақытта жаба алады. Шотты жабу Клиенттің бастамасымен мұндай шотқа қатысты орындалмаған талаптары болмаған жағдайда, Банк төменде келтірілген өтініштің біреуін алған күннен бастап 30 (отыз) банктік күннен кешіктірмей жүргізіледі:

1) Банк бекіткен нысандағы, Клиент өзі немесе оның уәкілетті өкілі қол қойған шотты жабуға өтініш;

2) Интернет-банкингте қалыптастырылған Банк бекіткен нысандағы шотты жабуға өтініш.

Банк Клиенттің шотты жабуға өтінішін алғаннан бастап 30 (отыз) банктік күннен кешіктірмей шот бойынша ақшалай қаражаттың қалдығын Клиентке береді немесе Клиент көрсеткен деректемелер бойынша аударады.

2. Банк:

Клиенттің шотында бір жылдан астам ақша болмаған;

Клиенттің банктік шотында (жинақ шотын, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды есепке жатқызуға арналған шоттарды қоспағанда) бір жылдан астам ақша қозғалысы болмаған;

ҚР бейрезидент банктерімен жасалған шартта қарастырылған жағдайларда;

Банк таратылса;

Банк шартты бір жақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тартса;

Банкті қайта ұйымдастырса, Банк жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда,

сонымен бірге шартта және/немесе ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда шотты жабуға құқылы.

3. Осы шартта және ҚР заңнамасында көзделген жағдайлар болған жағдайда, Банктің бастамасымен шотты жабу үшін Банк Клиентке шотты жабу туралы хабарламаның 3 (үш) ай мерзімі өткеннен кейін Банктің таңдауы бойынша Банкте шотты ашу кезінде ұсынылған деректемелер бойынша кез келген әдіспен (оның ішінде пошталық байланыс, электрондық пошта, SMS-хабарлама, интернет-банкинг) хабарлайды.

4. Банктің бастамасы бойынша шотты жабуға келесі жағдайларда:

1) шотқа қойылатын орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болған жағдайда;

2) клиенттің ҚР валюталық заңнамасына сәйкес банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде банктік шот шартын немесе банк салымы шартын ҚР ратификациялаған «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және халықаралық шарттарға сәйкес орындаудан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

3) ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

5. Егер Клиенттің шотында Банк Клиентке хабарлама жіберген күннен бастап үш ай өткеннен соң ақша қаражаты болмаса, Банк шартты бұзып, егер Клиент хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде шот бойынша операцияларды қайта бастамаса немесе осы шарт бойынша өзгеше тәртіп көзделмесе, шотты жабуды жүзеге асырады.

6. Клиенттің шотында (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды есепке жатқызуға арналған шоттарды қоспағанда) ақша қалдығы болған кезде банк ақша қалдығын ҚР заңдарына сәйкес нотариус депозитіне аударуға және банктік шотты жабуға құқылы.

### 4-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Банк:

1) Клиенттің өтініші/тапсырмасы бойынша Клиент сатып алған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді Клиенттің қосымша келісімінсіз шоттан ақшаны есептен шығару арқылы төлеуге;

2) шот бойынша операцияны орындаудан келесі жағдайларда бас тартуға:

егер ол ҚР заңнамасына қарама-қайшы келсе;

шығыс операция сомасы Клиенттің жеке қаражаты және/немесе карточка бойынша кредиттік лимит сомасынан асатын болса;

карточка бұғатталса, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса;

операция рұқсат етілмеген болса;

3) шотты ашу туралы шешімді жеке қабылдауға немесе шотты ашудан бас тартуға құқылы.

## 3-тарау. Салымдарды орналастырудың жалпы талаптары

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1) **салым** – банктік салым шартымен, салым құжатымен немесе осы шартта белгіленген өзге әдістермен куәландырылған депозит;

2) **талап етілгенге дейінгі салым** — Клиенттерге Банкке белгісіз мерзімге ҚР валютасында

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

немесе шетел валютасында орналастырылған және Клиенттің талабы бойынша толық немесе ішінара банктік салым шартына сәйкес орналастырылған ақшалай қаражатқа капиталдандырылған (есептелген) пайыздары қайтарылатын ақшалай қаражат;

3) **банктік салымның жеке талаптары** – салым түрін, салым валютасын, салым мерзімін, пайыздық мөлшерлемесін, оның ішінде салым бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін анықтайтын банктік салым шартының талаптары;

4) **капиталдандыру** – салым есепке алынған жинақ шотындағы салым бойынша есептелген пайыздарды есепке алу және пайыздарды есептеу арқылы соманы арттыру;

5) **салымның максималды сомасы** - банктік салым шартына сәйкес орналастырылуы мүмкін Банк бекіткен шекті сома;

6) **төмендетілмейтін қалдық** – Клиент жинақ шотта орналастырған ақшалай қаражат сомасы. Мұндай сома толық немесе ішінара азайған жағдайда, банктік салым шартының талаптарына сәйкес салымды қайтару (оның ішінде мерзімінен бұрын қайтару) жүзеге асырылады. Төмендетілмейтін қалдық мөлшерін Банк тағайындайды. Төмендетілмейтін қалдық мөлшері Клиент салымды ашқан кезде енгізген қаражат сомасынан ерекшеленуі мүмкін.

7) **мерзімді салым** – Клиент белгілі бір мерзімге салатын салым. Клиент жедел салымды белгіленген мерзімнен бұрын талап етсе, егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді;

8) **жинақ салымы** – Клиент белгілі бер мерзімге енгізетін салым. Егер клиент белгіленген мерзімнен бұрын салымды талап етсе, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейін салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.

## 2-бап. Негізгі ережелер

1. Осы жалпы талаптар ақшалай қаражатты тарту және жинақ шотында орналастыру, шот бойынша қалдыққа пайыздарды есептеу, салым мен есептелген пайыздарды қайтару тәртібін анықтайды және осыған байланысты Клиент пен Банк арасында туындаған қарым-қатынасты реттейді.

2. Клиент ҚР заңнамасында және көрсетілген операцияларды жүргізуге қатысты Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, Банк осы шартқа сәйкес салымдарды орналастырады және жинақ шоттарын ашады.

Тараптардың келісімі бойынша банк салымын ашу және қызмет көрсету шартын тараптар қол қойған банктік салымның жеке шарты ретінде ресімдеуге болады.

3. Банк салымын ашу төменде көрсетілгендердің негізінде жүзеге асырылады:

1) Банк бекіткен нысандағы клиент не тараптар қол қойған өтініш;

2) Банк бекіткен нысандағы Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып, интернет-банкингте қалыптастырылған өтініш.

4. Салым түрінде орналастырылатын ақшалай қаражаттың талаптары Банктегі Клиенттің ақшалай қаражатты банк өнімдерінің талаптарына сәйкес орналастырған сәтіндегі шарттарына сәйкес орналастырылады.

5. Клиент салымдардың жеке (арнайы) түрлерінің талаптарына сәйкес қосымша құжаттарды ұсынуы мүмкін.

6. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген Клиенттің өтініші қолданылатын банк өнімінің талаптарына сәйкес банктік салымның жеке шарттарын анықтайды және Клиенттің көрсетілген шарттарға сәйкес банктік салым шартын жасасу офертасы болып табылады. Банк Клиентке Банк ғимаратында немесе Клиентке Банкке салым сомасы түскеннен кейін интернет-банкинг арқылы берілетін тараптар өзара келіскен шарттарға сәйкес салымды ашуды растауы Клиенттің офертаны қабылдауы болып табылады. Осы шарттың талаптары оферта негізінде жасалынатын банктік салым шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады.

*7-тармақ осы шартқа №3 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (04.12.2020 ж. № 40/2020 хаттама).*

7. Клиенттің жинақ шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған немесе жинақ шотындағы ақшаға тыйым салынған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Банк Жинақ шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың және (немесе) тыйым салудың бүкіл мерзімі ішінде салым бойынша сыйақы есептемеуге құқылы.

8. Клиент салым бойынша талап құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

## 3-бап. Салымды енгізу тәртібі

1. Клиент салады, ал Банк салымды жинақ шотына есепке алу арқылы салымды қабылдайды да, банктік салымның жеке талаптарында және шартта көзделген мөлшерде және тәртіппен салым бойынша сыйақы төлейді.

2. Банк Клиентке осы Тараудың 2-бабының 3-тармағында көрсетілген салымды ашу туралы өтінішінің негізінде жинақ шотын ашады.

3. Банк Клиентке өтініште көрсетілген валютада жинақ шотын ашады.

4. Банк төменде көрсетілген әдістермен Клиентке Банкте оның атына ашылған жинақ шотының нөмірі туралы хабарлайды:

1) Клиент Банктің ғимаратына тікелей жүгінген кезде, бұл ретте Клиент жинақ шотының нөмірі көрсетілген Банк қызметкерінің қолымен куәландырылған жазбаша құжатты алуға құқылы;

2) интернет-банкинг арқылы.

5. Клиент интернет-банкинг арқылы жинақ шотын ашқан жағдайда, Банк Клиентке интернет-банкинг арқылы келісілген шарттарда жинақ шотын ашу арқылы растауды немесе жинақ шотын ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.

6. Өтініш пен Банктің интернет-банкинг жүйесінде қалыптастырған салымды ашу туралы растауы Банктің дерекқорында электрондық нысанда сақталынады.

7. Клиент Банктің кез-келген бөлімшесінен интернет-банкинг көмегімен салымды орналастыру бойынша қағаз тасығышта салымды ашу туралы өтініштің данасын және шотты ашу туралы растаманы алуға құқылы.

8. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Клиент салымды жинақ шотына осы Тараудың 2-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттарын ресімдеген күні салады. Салым сомасы Банкке қолма-қол ақша түрінде, ақша аударымы арқылы көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп түскен жағдайда немесе банктік салым шартында белгіленген төмендетілмейтін қалдық сомасынан төмен сома түскен жағдайда, Банк:

1) салым бойынша сыйақыны талап етілгенге дейінгі салым шарттарына сәйкес есептеуге;

2) түскен соманы Банктегі Клиенттің ағымдағы шотына аударуға;

3) банктік салым шартын жасалынбаған, ал түскен ақшаны Клиентке ол жүгінген күні қайтаруға құқылы.

Салымды енгізу Банкте ашылған Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны есептен шығару арқылы акцептісіз тәртіпте оларды тікелей дебеттеу немесе ҚР заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарында тыйым салынбаған басқа әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Клиент жинақ шотына салымды келесі әдістермен енгізеді:

1) шотқа ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару арқылы;

2) банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол енгізу;

3) Банкте ашылған Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны есептен акцептісіз тәртіпте оны тікелей дебеттеу арқылы есептен шығару арқылы;

4) ҚР заңнамасынмен және Банктің ішкі құжаттарымен тыйым салынбаған өзге әдіспен.

10. Салымды орналастыру мерзімі салымға ақшалай қаражат түскен күннен кейінгі күннен бастап есептелінеді.

11. Салым бойынша сыйақы салым сақталған нақты мерзім үшін есептеледі, бұл орайда Банкке ақша енгізілген күн мен салым мерзімі аяқталатын күн бір күн деп мойындалады. Сыйақы есептелгенде. банктік салым шартымен басқаша қарастырылмаса, Банк бір жылдағы күнтізбелік күндердің нақты санын есептейді.

12. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салым бойынша қосымша жарналарды Клиент немесе үшінші тұлғалар (өзінің жеке сәйкестендіру коды туралы деректерді көрсете отырып) салым бойынша максималды сома шеңберінде ақшаны жинақ шотына қолма-қол ақшасыз аудару, Банк кассасы арқылы қолма-қол ақшамен немесе Банктің төлем терминалдары/банкоматтары арқылы енгізе алады. Егер банктік салым шартында жинақ шотына қосымша жарналарды енгізу қарастырылмаса, Клиент немесе үшінші тұлғалар жинақ шотына соманы енгізген жағдайда, Банк мұндай соманы Банкте ашылған ағымдағы шотқа аударады, ол болмаған жағдайда, Банкке жүгінген кезде Клиентке қайтарады.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

13. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Клиент немесе үшінші тұлғалар жинақ шотына салымның максималды сомасынан асатын соманы есептеген жағдайда, Банк:

1) Банктегі Клиенттің ағымдағы шотына түсетін соманы есептеуге;
2) Банктегі салымның максималды сомасынан асатын сомаға сыйақы есептемеуге;
3) түскен ақшаны ақша жіберушіге қайтаруға құқылы.

**4-бап. Салымды қайтару тәртібі**

1. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салымды орналастыру мерзімі ішінде салымнан ақшаны ішінара алуға рұқсат беріледі, алайда банк өнімдерінің тиісті талаптарында және/немесе банктік салым шартының талаптарында бекітілген мөлшердегі төмендетілмейтін қалдық шотта болуы тиіс. Салымнан ішінара ақша беру Банк Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына немесе Клиент ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатта көрсетілген шотқа аудару немесе Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады.

2. Клиент немесе үшінші тұлғалар ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен салымды банктік салым шарты бойынша төмендетілмейтін қалдық сомадан кем сомаға азайтса, Банктік салым шарты Банктің Клиентке хабарлаған сәтінен бастап бұзылған болып саналады. Осы тармаққа сәйкес, Банктік салым шартында өзге талаптар қарастырылмаса, Банктік салым шартының күшін жоймастан бұрын Банк салым бойынша сыйақыны қажет болған жағдайға дейін есептеуге құқылы.

3. Салымның сомасын толық немесе ішінара алу үшін Клиент:

1) Банк бекіткен нысанда Клиент өзі немесе уәкілетті өкілі қой қойған өтінішті Банкке ұсынуға;
2) Банк бекіткен Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып интернет-банкингте жасалынатын нысанда, Банкке өтінішті ұсынуға;
3) дербес компьютердің, электрондық байланыс құралдарының, электрондық терминалдардың, банкоматтардың және т.б. экрандарында көрсетілген нұсқауларды басшылыққа алуға міндетті.

Салымның толық сомасы немесе оның бөлігі Банктің кассасы арқылы қайтарылған жағдайда, Клиент Банкке тиісті өтінім ұсынады.

Банк мерзімді салымды толық немесе ішінара келесі тәсілдер арқылы қайтарады:

1) Салымшының талабы келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Банктің кассасы арқылы;
2) операциялық күн ішінде Салымшының Банкте ашылған шотына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы,
3) тиісті өтінішті алған күннен бастап 2 (екі) банктік күн ішінде басқа банкте немесе «Қазпошта» АҚ-да ашылған шотқа қолма-қол ақшасыз аудару арқылы;
4) егер банктік салым шартында мұндай мүмкіндік қарастырылса, терминалдар/банкоматтар арқылы сұралған сома Клиент жүгінген сәтте терминалда/банкоматта жеткілікті сома болған кезде беріледі.

Банк жинақ салымын Салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін береді.

Клиент Банкке салымның толық сомасын немесе оның бөлігін терминалдар/банкоматтар арқылы алу үшін жүгінген жағдайда, егер банктің салым шартында мұндай мүмкіндік қарастырылса, сұралған сома Клиент жүгінген сәтте терминалда/банкоматта жеткілікті сома болған кезде беріледі.

4. Банктің салымның барлық сомасын толық немесе ішінара қайтару, сонымен бірге салым бойынша сыйақыны төлеу міндеттемесі келесі жағдайларда орындалған болып есептеледі:

1) қолма-қол ақшасыз аудару кезінде Банктің шотынан ақшаны ҚР-ның басқа банктерінде ашылған Клиенттің банктік шоттарына есептен шығарғанда;
2) жинақ шотынан ақшаны есептен шығарған сәттен бастап және Банкте ашылған Клиенттің өзге банктік шотына есепке алғанда;
3) Банктің кассасы\терминалдары\банкоматтары арқылы қолма-қол ақшаны берген сәтте. Қате есептелген және төленген сыйақы сомасы қайтарылуы тиіс, бұл ретте Банк артық төленген сыйақы сомасын салым сомасынан ұстап қалуға құқылы.

Егер салымды орналастыру күнінің аяқталуы жұмыс емес күніне келсе, салымды қайтару көрсетілген жұмыс емес күнінен кейінгі бірінші банктік күні жүзеге асырылады.

5. Салым мен есептелген сыйақыны қайтарғаннан кейін Банк жинақ шотын жабады.

6. Банк өзіне тәуелді емес жағдайлар (шотқа тыйым салу, шотты жабу) бойынша есептелген сыйақыны немесе салым сомасын немесе оның бөлігін қайтару мүмкін болмаған жағдайда, ол үшін

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

жауапты болмайды. Клиент өзі ұсынған ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатта көрсетілген шоттың өзектілігін тексеруге және Банкке ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатты және Банк бекіткен нысандағы өтініштің түпнұсқасында шоттың өзгеруі туралы 3 (үш) банктік күнінен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

7. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, Клиент келмеген және салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін салым сомасы талап етілмеген жағдайда, салымды орналастыру мерзімі автоматты түрде дәл сондай шарттармен дәл сондай мерзімге ұзартылған болып саналады, ал мөлшерлеме бойынша сыйақыны есептеу салымды орналастыру мерзімінде әрекет ететін мөлшерлемеге сәйкес жүзеге асырылады. Капиталдандыруы жоқ, сыйақы капиталдандыруы қарастырылмаған банктік салым шарттары бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы банктік салым шартын ұзарту күніне қосымша есепке алынбайды. Банк салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін салымның мұндай түрін Банк қабылдауды тоқтатса, салымды орналастыру мерзімі ұзартылмайды. Банк салым сомасын Клиент ағымдағы шотының бар екендігін растайтын құжатында көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотына аударады немесе Банктің кассасы/терминалдары/банкоматтары арқылы қолма-қол ақша түрінде алады. Өзге жағдайларда салымды орналастыру мерзімі салым талап етілгенге дейін дәл сондай шарттармен созылған болып саналады.

### 5-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк:

1) Банкте орналастырылған салым сомасына жасалынған шарттардың талаптарына сәйкес сыйақыны есептеуге;

2) салымды мерзімінен бұрын алған және/немесе Клиенттің бастамасы бойынша банктік салым шарты бұзылған жағдайда, жасалынған шарттарға сәйкес салымды алу және/немесе шартты бұзу күніне мұндай шарттар бойынша есептелген сыйақы мен салымның негізгі сомасын төлеуге;

3) жасалған шарттарда көзделген тәртіппен салым мерзімінің аяқталуына дейін шарттың талаптарына сәйкес салым мерзімін ұзарту кезіндегі сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі туралы хабарлауға міндетті.

2. Банк салымдардың максималды сомаларын шектеуге және салымдардың максималды сомасынан асатын сомаға сыйақыны есептемеуге құқылы.

3. Клиент:

1) Банктік салым шарттарына сәйкес мерзімді салымды мерзімінен бұрын толық және (немесе) ішінара немесе жинақ салымын толық мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;

2) егер банктік салым шартында осындай талап көзделсе, салымға қосымша ақша қаражатын енгізуге құқылы.

## 4-тарау. Төлем карточкаларын шығарудың, қызмет көрсетудің және пайдаланудың жалпы талаптары

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1) **IVR** – карточка ұстаушысы жүйеде сәйкестендіру рәсімінен өткеннен кейін карточка ұстаушысының бастамасы бойынша ПИН-кодты белсендіру мен іске қосу операцияларын жүргізетін Банктің интерактивті дауыс қызметі;

*2) және 3) тармақшалар осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес алынып тасталды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

4) **карточканы бұғаттау** – карточканы пайдалану арқылы төлемдерді жасауға толық немесе уақытша тыйым салу;

*1-бап осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 4-1) тармақпен толықтырылды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

4-1) **виртуалды карточка** – Мобильді төлемдер сервисін пайдалана отырып, Интернет желісінде төлемдерді жүзеге асыруға арналған карточка. Виртуалды карточкаға қызмет көрсету тәртібі осы Шартқа сәйкес айқындалады;

5) **операцияны жасау күні** – жасалынған операция Клиенттің шотында көрсетілген күн;

6) **дебеттік карточка** – Клиентке оның ағымдағы шотындағы ақша сомасы шегінде төлем жасауға және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға мүмкіндік беретін карточка.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

Дебеттік карточка сондай-ақ оның ұстаушысына Банк ұсынған кредиттік лимит сомасы шегінде төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін бере алады;

7) **ұстаушы** – карточканы пайдалану құқығы бар және шоттың иесі болып табылатын клиент;

8) **кредиттік лимиттің қолжетімді қалдығы** – Клиент пайдаланбаған кредиттік лимит мөлшері;

9) **ай сайынғы төлем** – міндетті төлем, минималды төлем;

*10) тармақша осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

10) **карточка** – карточка ұстаушысына (Клиентке) шоттағы ақша сомасы шегінде карточка немесе оның деректемелерін, сондай-ақ жеке қаражат болмаған жағдайда Банк тараптар арасында жасалған кредит шартының талаптарында ұсынған карточка бойынша кредитті пайдалана отырып, төлем жасауға мүмкіндік беретін төлем карточкасы;

11) **кредиттік лимит** – Банк Клиентке ашқан кредит желісінің мөлшері;

12) **кредит карточкасы** – Клиентке өз ақшасы мен оған берілген кредиттік лимит шегінде төлемдерді жүзеге асыруға және қолма-қол ақша алуға мүмкіндік беретін төлем карточкасы;

13) **карточка компрометациясы** — Банкте немесе Клиентте Клиенттің рұқсатымен немесе рұқсатынсыз үшінші тұлғалар карточкаға, карточка деректемелеріне немесе карточканың магнит жолағының кодтауына қол жеткізді немесе қол жеткізуі мүмкін деген негіздемелердің болуы;

14) **жеңілдікті кезең -** Банк айқындайтын өтеу кезеңі аяқталған күнге дейін қолданылатын кредит шарты бойынша берешекті өтеудің жеңілдікті тәртібінің уақыт кезеңі;

15) **есептік кезең** – Клиент карточка бойынша операциялар жүргізген өткен айдың есептік күнінен бастап ағымдағы айдың есептік күніне дейінгі (яғни ағымдағы айдың есептік күнін қоспағанда) кезең;

16) **мерзімді комиссиялар** - Банк тарифтерінде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында белгіленген мөлшерде Банк мерзімді негізде алатын комиссиялар;

17) **өтеу кезеңі -** қалыптастырылған ең төменгі төлем, сондай-ақ бұрын өтелмеген овердрафт және минималды төлемдер өтелетін кезең. Өтеу кезеңі есептік кезең аяқталған күннен кейін келесі күні басталады. Өтеу кезеңі, егер өтініште және/немесе кредит шартында өзгеше көзделмесе, бір күнтізбелік айды құрайды;

18) **ережелер** – осы шартта мазмұндалған карточканы пайдалану ережелері;

19) **кредиттік лимиттің шекті сомасы** - кредит шартына сәйкес берілуі мүмкін кредиттік лимиттің шекті мөлшері;

20) **ПИН-код** – Клиентті автоматтандырылған режимде операциялар жүргізу барысында сәйкестендіруге арналған дербес сәйкестендіру нөмірі, құпия коды;

21) **есеп айырысу күні** – Банк мерзімді комиссияларды, сыйақыларды және есептік кезең үшін өзге де сомаларды, егер олар шарт талаптарында көзделген жағдайда, есептеуді жүзеге асыратын күн. Егер тиісті шартта өзгеше көзделмесе және кредит шарты айдың 5-14 күндері аралығында жасалынған болса, кредит карточкасы бойынша есеп айырысу күні әр айдың 5-күніне; егер кредит шарты айдың 15-24 күндері аралығында жасалынған болса, 15-күніне; егер кредит шарты айдың 25-4 күндері аралығында жасалынған болса, 25-күніне түседі; дебеттік карточка бойынша есеп айырысу күні әр айдың 1-күніне түседі;

22) **карточканы компрометациялау тәуекелі жоғары ел** – карточканы пайдалана отырып операциялар жүргізілген ел. Клиенттерге карточкамен байланысты алаяқтық операцияларды болдырмау мақсатында карточканы қайта шығаруға Банк тарапынан кеңес беріледі;

23) **карточкалар бойынша транзакцияларға тыйым салынған ел** – Банк бекіткен шектеулер салдарынан Клиент карточкалық операцияларды жүргізе алмайтын мемлекет. Төлем карточкалары бойынша транзакция жасауға тыйым салынған мемлекеттердің тізімі Интернет желісіндегі Банктің веб-сайтында көрсетілген;

24) **сауда чегі** – карточаны пайдалана отырып төлем жүзеге асырылғанын растайтын құжат;

25) **техникалық овердрафт** – Клиенттің шоттағы және/немесе кредиттік лимит (мұндай кредит лимиті белгіленген жағдайда) сомасынан асатын шығыстары (төлемдері), сонымен бірге Клиенттің жеке қаражатының рұқсат етілмеген (заңсыз) мөлшерде шамадан тыс мөлшерде жаратылуы;

26) **операция бойынша талаптар** (тең төлемдер кестесі немесе қысқаша ТТК) – жеңілдікті кезеңді белгілеуде, сыйақы мөлшерлемесін азайтуда, кредиттік лимит сомасын ұлғайтуда, кредит мерзімін және/немесе кредиттік лимитті ұлғайтуда, міндетті төлемдер мөлшерін белгілеуде/өзгертуде және шартта көзделген өзге де шарттарда көрініс табатын кредиттік лимит шеңберінде кредит беру

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

шарттарын жақсартатын Банк белгілейтін талаптар. Операция бойынша талаптар Клиенттің жағдайын нашарлататын шарттарды қамти алмайды.

27) **кредиттік лимиттің белгіленген сомасы** - Банк кредит шарты талаптарында айқындайтын, кредит карточкасы немесе Банк кредиттік лимит белгілеген өзге карточка бойынша қолжетімді кредиттік лимит сомасы.

## 2-бап. Негізгі ережелер

1. Осы төлем карточкаларын шығару, қызмет көрсету және пайдалану ережелері жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғаларға халықаралық төлем жүйесінің карточкаларын шығарудың және қызмет көрсетудің, сонымен бірге карточканы пайдалана отырып жасалынатын операцияларды есепке алу үшін ағымдағы шотты ашу мен қызмет көрсетудің стандартты талаптарын анықтайды.
2. Осы шарттарға сәйкес төлем карточкаларын шығарған кезде Банк Клиентке теңгемен ағымдағы шотты ашады. Мұндай шот ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес карточканы пайдалана отырып жасалынатын операцияларды есепке алуға арналған.
3. Клиент карточканы осы ережелерге сәйкес қабылдауға және пайдалануға, сонымен бірге Банктің карточкасын шығаруға және карточка бойынша қызмет көрсетуге байланысты өзге қызметтерді, сонымен қатар Банктің тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес шот бойынша қызмет көрсетуге міндетті.
4. Банк 1-тараудың 3-бабының 2-тармағының 4)тармақшасында белгіленген әдіспен Клиентке төлем карточкасын беру, осы шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы, қызмет көрсету комиссияларының мөлшері туралы олар күшіне енетін күнге дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Банк хабарламада шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданылатын күнге дейін шартты бұзу үшін қосымша комиссия төлеместен шартты бұзу мүмкіндігі туралы көрсетеді.

5. Клиент карточкадан бас тартқан жағдайда, карточка (шот) бойынша қызмет көрсеткені үшін төленген сыйақы қайтарылмайды.
6. Банк Клиенттің карточкадан бас тарту мен карточка бойынша операцияларды жасауға арналған шотты жабу туралы жазбаша өтінішін алғаннан кейін 30 (отыз) банктік күннен кешіктірмей Клиент көрсеткен деректемелер бойынша шот бойынша ақша қаражатының қалдығын қайтарады.

*2-бап осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 7-тармақпен толықтырылды (16.10.2020 ж. №33/2020 хаттама)*

7. Мобильді төлем сервистерін қолдана отырып, Банктің төлем карточкаларын пайдалану шарттары Шартқа 3-қосымшада айқындалады.

## 3-бап. Карточкаларды шығару

1. Банк карточканы келесі негіздер бойынша шығарады:
   1) Банк бекіткен нысандағы тараптар қол қойған өтініш;
   2) Банктің веб-сайтында қалыптастырылатын өтініш;
   3) Банк бекіткен нысандағы Клиенттің динамикалық сәйкестендіруін пайдалана отырып, интернет-банкингте қалыптастырылған өтініш.
2. Банк Клиентке шотты өтінеште көрсетілген валютада ашады.
3. Банк төменде көрсетілген әдістердің бірін немесе әдістердің бірнеше нұсқасын пайдалана отырып, Клиентке Банкте оның атына шығарылған карточка мен шоттың нөмірі туралы ақпаратты хабарлайды:
   1) Клиент Банктің ғимаратына тікелей жүгінген кезде, бұл ретте Клиент шоттың нөмірі көрсетілген Банк қызметкерінің қолымен куәландырылған жазбаша құжатты алуға құқылы;
   2) интернет-банкинг арқылы;
   3) SMS-хабарлама арқылы.
4. Клиент интернет-банкинг арқылы жүгінген жағдайда, Банк Клиентке интернет-банкингтің көмегімен келісілген шарттарда карточканы шығару мен келісілген шарттарға сәйкес карточка бойынша операцияларды жүзеге асыруға қажет шотты ашу арқылы растауды немесе карточканы шығарудан және шотты ашудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

5. Өтініш пен Банктің интернет-банкинг жүйесінде қалыптастырған карточканы шығару мен шотты ашу туралы растауы, сонымен бірге Клиентке жіберілген SMS-хабарламалар Банктің дерекқорында электрондық нысанда сақталынады.

6. Клиент Банктің кез-келген бөлімшесінен интернет-банкинг көмегімен ашылған шот бойынша қағаз тасығышта шотты ашу туралы өтініштің данасын және шотты ашуды растаудың данасын алуға құқылы.

7. Банк карточканы шығару бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда және Клиент ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған құжаттарды ұсынған жағдайда, Банк Клиентке арналған төлем карточкасын шығарады және мұндай төлем карточкасы бойынша қызмет көрсетеді.

8. Карточка Банктің меншігі болып табылады және карточка ұстаушысына оны пайдалана отырып операцияларды жүргізуге қажет шотқа қол жеткізу құралы ретінде беріледі. Карточка ұстаушысы Банкке карточкалар бойынша қызмет көрсету тарифтеріне және банк өнімдерінің талаптарына сәйкес жылдық қызмет көрсету үшін комиссиялық сыйақыны төлейді.

*9-тармақ осы шартқа №2 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (16.11.2020ж. № 37/2020 хаттама)*

9. Карточка жоғалғанда/ұрланғанда/ бүлінгенде, сондай-ақ Клиенттің қалауы бойынша Клиент өтініш берген кезде қолданылатын тарифтермен және (немесе) банк өнімдерінің талаптарымен комиссияларды ұстап қалып, Клиенттің бастамасы бойынша карточка қайта шығарылады. Карточканы қайта шығару туралы өтініш жазбаша немесе телефон немесе мобильді/интернет банкинг арқылы қабылданады, бірақ шарт жасау кезінде Клиент көрсеткен код сөзі және/немесе басқа деректер арқылы Клиентті сәйкестендіру керек. Шот бойынша мерзімі кешіктірілген берешек немесе Банктің алдында Клиенттің орындалмаған басқа да міндеттемелері болмаған жағдайда, карточка қайта шығарылады.

10. Банк ұялы байланыс (SMS) арқылы мерзімі өткенге дейін қалған күнтізбелік он күн бұрын жазбаша немесе Банктің қалауы бойынша басқа әдіспен карточканың жарамдылық мерзімінің аяқталуы туралы Клиентке хабарлайды.

11. Карточканы қайта шығарудан бас тарту туралы Клиенттің жазбаша өтініші болмаса, шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, карточка автоматты түрде қайта шығарылады.

*12 тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

12. Карточка өтініште Клиент көрсеткен Клиенттің мекенжайына пошта арқылы жіберу немесе Банктің үй-жайында немесе Банктің уәкілетті тұлғаларының беруі арқылы Клиентке ұсынылады. Карточка іске қосылмаған күйінде беріледі. Виртуалды карточканы шығарған кезде Банк карточканың деректемелерін (карточка нөмірі, қолданылу мерзімі, CVV2-код) мобильді банкинг арқылы Клиентке ұсынады. Клиент код сөзін және/немесе шарт жасасу кезінде ұсынған өзге де деректерді көрсете отырып, карточканы белсендіруі (оның ішінде телефон арқылы) және/немесе карточканы алғаны туралы Клиенттен қолхат алу ұстаушының карточканы алуының растамасы болып табылады. Пошта арқылы жіберілсе, Банктің Клиентке карточка беру жөніндегі міндеттемесі пошта жөнелтілімі пошта операторына берілген күннен бастап орындалды деп есептеледі..

## 4-бап. Карточканы пайдалану ережелері

1. Карточка ұстаушысының карточканы пайдалануы ҚР заңнамасына, төлем жүйесінің ережелері мен нұсқаулықтарына, Банктің ішкі құжаттарына, осы ережелерге, сонымен бірге шарт талаптарына сәйкес реттеледі.

*2-тармақ осы шартқа №4 Өзгерістер редакциясында мазмұндалды (19.04.2021ж. № 7/2021 хаттама)*

2. Карточканы алғаны туралы қолхат және/немесе бір жолғы кодты пайдалана отырып, интернет-банкингте (мобильді-банкингте) не Клиент код сөзін және/немесе Клиент шарт жасаған кезде көрсеткен өзге де деректерді көрсете отырып, 7373 телефоны бойынша карточканы белсендіру ұстаушының карточканы алуының растамасы болып табылады.

3. Карточка бойынша операциялар карточканың оң бетінде көрсетілген тиісті төлем жүйесінің карточкаларын қабылдауды жүзеге асыратын орындарда ғана жүзеге асырылады.

4. Банк шығарған барлық төлем карталары 3DSecure технологиясына автоматты түрде қосылған.

5. Карточканы басқа тұлғаларға пайдалануға немесе кепілзат ретінде беруге тыйым салынады.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

Уәкілеттігі жоқ тұлға аталған карточканы ұсынған жағдайда, карточка мұндай тұлғаның иелігінен алынуы тиіс.

6. Электромагниттік өрістердің (магниттелген немесе құрамында магнит бар заттардың қасында ұстау, мысалы, кілттер, сөмкелердегі магнит құлыптары), магнит жолағындағы жазуды зақымдап, операцияларды автоматтандырылған режимде жүргізуге мүмкіндік бермейтін механикалық зақымдалу секілді карточкаға жағымсыз факторлардың әсер етуіне жол берілмейді.

*7-тармақ осы шартқа №4 Өзгерістер редакциясында мазмұндалды (19.04.2021ж. № 7/2021 хаттама)*

7. ПИН-код бір жолғы кодты пайдалана отырып, интернет-банкингте (мобильді-банкингте) не Клиент код сөзін және/немесе Клиент шарт жасаған кезде көрсеткен өзге де деректерді көрсете отырып, 7373 телефоны бойынша карточканы белсендіру сәтінде орнатылады. Карточка ұстаушысы ПИН-кодты есте сақтауы тиіс. ПИН-кодтың басқа тұлғаларға мәлім болуына жол бермеу мақсатында ПИН-кодты жазуға болмайды.

8. Карточка ұстаушысының ПИН-кодты жариялағаны үшін Банк жауапты емес.

9. Банк:

1) ПИН-кодты дұрыс терумен растала отырып, карточка пайдаланылған кезде;
2) ПИН-кодты енгізбей карточканы пайдаланған кезде;
3) карточка деректемелерін пайдаланған кезде,

операцияны карточка ұстаушысы жүргізді және оның келісімі бар деп санайды.

10. Банктің веб-сайтында көрсетілген белгіленген лимиттерден тыс, оның ішінде Банк берген кредиттік лимит есебінен, Интернет желісінде карточка деректемелерін пайдалана отырып, операцияларды жүргізу үшін Клиент телефон арқылы байланыс орталығына қоңырау шалып, Интернет желісінде карточканың деректемелерін пайдалана отырып, операцияларды жасауға қол жеткізуді ашуы қажет. Клиент қол жеткізуді ашу үшін теңгемен қажетті лимит сомасын және оның әрекет ету мерзімін күнтізбелік күндермен көрсетеді, бұл ретте мерзімі күнтізбелік 3 (үш) күннен аспауы тиіс.

Белгіленген лимит аяқталса және/немесе лимит орнатылған мерзім өтсе, қол жеткізу жабылады.

Клиент кез келген уақытта байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы лимит сомасын және оның әрекет ету мерзімін ұлғайтуға/азайтуға, немесе Интернет желісінде карточканың деректемелерін пайдалана отырып, операцияларды жүзеге асыру үшін қол жеткізуді жабуға құқылы.

11. ПИН-код қатарынан 3 (үш) рет дұрыс терілмеген болса, карточка автоматты түрде бұғатталады. Карточка бұғатталған сәттен бастап келесі күнтізбелік күні автоматты түрде бұғаттан шығарылады.

12. Карточка бойынша төлем кешіктірілсе, Банк алдындағы берешегі болса, Банк карточканы автоматты түрде бұғаттайды. Карточка автоматты түрде мерзімі кешіктірілген берешек өтелгеннен кейін бұғаттан шығарылады.

13. Карточканы пайдалана отырып операцияларды сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарында жүргізу үшін, сондай-ақ қолма-қол ақшаны алу орындарында жүзеге асыру үшін карточка ұстаушысы карточканы тиісті қызмет көрсету орнының қызметкерлеріне ұсынады.

14. Банкоматты қолданған кезде карточка ұстаушысы қайтарылатын карточканы немесе ақша белгілерін алмаса, банкоматтың қорғау жүйесі іске қосылып, Клиенттің ақшасын сақтап қалу мақсатында карточка және/немесе ақша белгілерін банкомат алып қойып, арнайы бөлікте ұстап тұрады. Аталған жағдайда карточка ұстаушысы Банкпен хабарласады, Банк карточка ұстаушысына әрі қарай жасауға болатын әрекеттер туралы кеңес береді.

15. Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда, сонымен бірге шотты рұқсатсыз пайдалану жағдайлары орын алған жағдайда, карточка ұстаушысы дереу карточканы бұғаттау туралы ауызша (телефон арқылы немесе байланыстың басқа жолдарымен) немесе жазбаша талабымен Банкке хабарласуы керек. Карточка бұғатталған соң карточка ұстаушысы карточка бұғатталғаннан кейін карточканы пайдалана отырып жүргізілген операциялар үшін жауапты болмайды; карточка ұстаушысы карточка бұғатталғанға дейін жасалған барлық операциялар үшін толық жауапты болады. Төлем карточкасының жоғалуы, ұрлануы немесе рұқсатсыз қолданылуы туралы хабарлама күшіне енгеннен кейін рұқсатсыз төлем жүргізілген жағдайда, Банк рұқсатсыз төлем жүргізумен байланысты шығындарды Клиентке өтейді.

16. Банк жасырын сөзді көрсете отырып, карточканы бұғаттау фактісін анықтаған жағдайда, Банк карточканы бұғаттау салдарлары үшін шағымдарды қабылдамайды.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

17. Карточканы қызмет көрсету орнында ұстап қалу төмендегі жағдайларда жүргізіледі:
карточка бұғатталған жағдайда;
карточканы көрсеткен тұлға оның ұстаушысы болып табылмаған жағдайда;
карточка ұстаушысы карточканы пайдалана отырып операцияны жүргізген соң карточканы қызмет көрсету орнында ұмытып кеткен жағдайда.

18. Карточкада оның жарамдылық мерзімі аяқталатын айы мен жылы көрсетіледі. Карточка көрсетілген жылдағы көрсетілген айдың соңғы күніне дейін жарамды болады. Жарамдылық мерзімі аяқталған соң карточкалар Банкке тапсырылуы тиіс.

19. Банк пайда болған даулы жағдайлар реттелгенге дейін карточканы уақытша бұғаттауға құқылы.

20. Карточка ұстаушысы карточканы қолданудан бас тартқан жағдайда, карточка ұстаушысы карточканың күшін жойып, оны тапсыру үшін, сондай-ақ шотты жабу үшін Банкке хабарласады.

21. Берілген карточканы ауыстыру (карточканың жарамдылық мерзімі аяқталған кезде оны қайта шығаруды есепке алмағанда) немесе жоғалған карточканың орнына жаңа карточканы шығару Клиенттің жазбаша өтініші негізінде немесе осы мәселеге байланысты телефон арқылы (бірақ код сөзінің және/немесе шарт жасағанда Клиент көрсеткен басқа деректердің көмегімен Клиентті сәйестендіру керек) хабарласуы негізінде іске асырылады.

*22 тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. №24/2021 хаттама)*

22. Карточка оның қолданылу мерзімі өткен, карточка бүлінген жағдайларда, сондай-ақ Клиенттің қалауы бойынша және шартта көзделген өзге де жағдайларда ауыстырылады. Ауыстырылатын карточка (виртуалды карточканы қоспағанда) Банкке тапсырылуы тиіс.

23. Карточка ұстаушысына шот бойынша операцияларға есеп жүргізіп отыру үшін және мүмкін болатын дауларды реттеу үшін сауда чектерін сақтап отыруға кеңес беріледі. Карточка ұстаушысы Банкке барлық даулар бойынша жазбаша сұрау жібере отырып хабарласа алады. Банк жасалынған уақытынан бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт өткен карточканы пайдалана отырып жасалынған операциялар бойынша дауларды қабылдамайды. Наразылық дәлелденбеген болса, карточка ұстаушысы Банкке келтірілген шығындарды өтейді.

24. Жүргізілген операциялар бойынша ақпаратты уақтылы алу мақсатында карточка ұстаушысы Банкке тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірі өзгерген жағдайда, хабардар етуге міндетті болады.

25. Карточка ұстаушысына карточканы заңға қайшы мақсаттарда қолдануға, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді сатып алуға тыйым салынады.

26. Карточканы пайдалануға қатысты барлық мәселелер бойынша карточка ұстаушысы Банкке хабарласады. Банк кез келген уақытта карточка бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

27. Клиент төлем карточкасын пайдалана отырып, операциялар жасамаған және бұл факт туралы Банкке хабарлаған болса, Банк Клиенттің шотынан/шотына ақша қате алынғанда немесе есепке қосылғанда қателер анықталғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде ақшаны қате алу немесе есепке қосу алдында болған күйіне дейін Клиенттің шотындағы ақша қалдығын қалпына келтіруге міндетті.

## 5-бап. Кредит карточкасы бойынша кредиттік лимит шеңберінде операцияларды және шот бойынша операцияларды жүргізу тәртібі

1. Клиент карточканы төлемдерді жүргізу, сонымен бірге қолма-қол ақшаны алу үшін пайдаланады.

2. Шот бойынша есепке алу және есептен шығару Банктің қолданыстағы тарифтеріне, банк өнімдерінің талаптарына және ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Шотты толықтыру қолма-қол ақшаны енгізу немесе аударым арқылы ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

4. Орындау үшін төлем құжатын табыстау және ұсыну тәртібі Банк және халықаралық төлем жүйесі бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Банк шоттағы ақшаны авторизация сомасының мөлшерінде бұғаттауға құқылы. Авторизация сомасы Клиенттің шоттағы қолжетімді сомасынан осы шартпен белгіленген негіздемелер бойынша алынғанға дейін немесе Банк сол авторизация сомасы аясындағы төлемнің орындалмағаны жайлы дерек алғанға дейін шегеріледі. Шоттан төлем төлеу және ақша аудару туралы Клиенттің нұсқаулары Банкке келіп түскенде осындай нұсқаулар авторизациялау жүргізілген және шоттағы ақша бұғатталған операция сомалары шегеріліп, шоттағы ақша қалдығы шегінде жүргізіледі.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

7. Карточка ұстаушысы сауда чектерін және карточканы пайдалана отырып операциялардың жүргізілгенін растайтын басқа құжаттарды карточканы пайдалана отырып операцияларды жасаған күннен бастап 3 (үш) ай бойы басқа банктермен реттеуді талап ететін даулы транзакциялар туындаған жағдайда, растау құжаттары ретінде қолдану үшін сақтауға міндетті.

8. Банк ай сайын есептік кезең аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей берешек сомасы туралы, сондай-ақ есептік кезеңде Клиент жасаған операциялар туралы ақпаратты қамтитын кредит карточкасы бойынша ашылған ағымдағы шот бойынша Клиентке үзінді-көшірме қалыптастырады. Банк жазбаша сұрау алған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде Клиент көрсеткен уақыт кезеңі үшін Клиенттің талап етуі бойынша үзінді-көшірме береді. Үзінді-көшірме келесі ақпаратты қамтиды:

1) төлем карточкасының нөмірі. Төлем карточкалары жүйелерінің және/немесе осы шарттың талаптарына сәйкес төлем карточкасының нөмірін толық көрсетпеуге жол беріледі;

2) есептік кезеңнің бастапқы және соңғы күні;

3) төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған әр төлемнің сомасы мен төлеу күні;

4) төлем карточкасын қолданып төлемдерді төлеу үшін Клиенттен ұсталынған комиссиялардың мөлшері.

5) Банк айқындайтын өзге де ақпарат.

Клиент үзінді-көшірме құрастырылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей есептелген комиссиялар мен сыйақылар туралы ақпаратқа ескертулер беруге құқылы. Керісінше жағдайда үзінді-көшірмені Клиент растады деп есептеледі. Клиенттің шот бойынша үзінді-көшірмені алмауы, сондай-ақ үзінді-көшірмедегі ақпаратқа қатысты ескертулердің болуы Клиентті осы шарттың талаптарына сәйкес берешекті өтеу міндеттемесінен босатпайды. Үзінді-көшірме Клиентке айына бір рет тегін беріледі.

9. Жүргізілген операция бойынша наразылықтар болған жағдайда, карточка ұстаушысы операция жүргізген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Банкке міндетті түрде растау құжаттарын (сауда чектерін және т.б.) және Клиенттің жүргізген операциясы бойынша шығындарын (бар болған кезде) дәлелдейтін құжаттарды қосымша ұсына отырып, наразылық білдіруге міндетті. Олай болмаған жағдайда, жүргізілген операция расталды деп есептеледі.

10. Банк Клиенттің шағымдарын, оның ішінде карточканы немесе оның деректемелерін пайдаланумен байланысты даулы жағдайлар пайда болған кезде мұндай шағымдарды алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде, сонымен бірге карточканы шетелде пайдаланған жағдайда, шағымды алған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспайтын мерзімде қарастырады. Клиенттің шағымы дәлелденген жағдайда, Банк жүргізілген тергеу негізінде карточканы пайдалана отырып, тиісті операцияны жоя алады және/немесе Клиентке тиісті операцияны жою сәтінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде құжатпен расталған шығындарды өтейді.

11. Банк Клиенттің рұқсат етілмеген операцияны өтеу туралы өтінішінің негізінде рұқсат етілмеген төлем фактісін орнату бойынша іс-шараларды қабылдайды және мұндай өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оған рұқсат етілмеген операция мөлшеріндегі соманы өтейді немесе себептері көрсетілген рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тарту туралы хабарламаны жолдайды. Үшінші тұлғалардан ақпаратты алу немесе тексеру жүргізу арқылы қосымша зерттеу қажет болған жағдайда, Банк Клиенттің өтінішін қарастырып, ол бойынша шешімді ҚР ішіндегі операциялар бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде немесе шетелде жасалынған операциялар бойынша күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде шешім қабылдап, ол туралы Клиентке хабарлайды.

12. Клиент Банкке Клиенттің кінәсінен/бастамасымен қабылданған іс-әрекеттерге байланысты карточканы алумен, бұғаттаумен байланысты карточкалар бойынша барлық шығындарды сөзсіз өтеуге міндетті.

13. Егер шартта өзгеше көзделмесе, шотта орналастырылған қаражат тек қана Клиент жүргізген операциялары бойынша Клиент пен Банк арасында өзара есеп айырысуларды іске асыру үшін пайдаланылады.

14. Банкке ақша қолма-қол ақшасыз немесе Клиенттің шотына есептеу мақсатында Клиент Банктің кассасы арқылы ақша енгізген кезде Банк көрсетілген ақшаны түскен (енгізген) күні Клиенттің шотына есепке алады.

15. Карточканы үшінші тұлғаларға пайдалануға тыйым салынады және мұндай пайдалану фактілері анықталған жағдайда, карточка бұғатталады және/немесе алып қоюға жатады.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

16. Банк жеке шот валютасынан ерекшеленетін валютада операциялардың айырбастау бағамын, сонымен бірге айырбастау бойынша операциялар жүргізілетін валюталардың тізімін бекітеді және өз қалауы бойынша өзгерте алады. Соманы айырбастауды талап ететін операцияларды жүзеге асырған кезде шоттағы қажет соманы бұғаттау транзакцияны жасау сәтінде бекітілген бағам бойынша, ал шоттан қажетті соманы есептен шығару транзакцияны растау сәтінде әрекет ететін бағам бойынша жүзеге асырылады. Банк айырбастауды жүргізу кезінде операцияны жүргізу сәтінде әрекет ететін Банк тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес комиссияларды алуға құқылы.

17. Карточка ұстаушысы карточканы Банктің веб-сайтында жарияланған тізімдегі компрометациялау тәуекелі жоғары мемлекеттерінде пайдаланған жағдайда, карточка иесі компрометациялау тәуекелі жоғары мемлекеттерде карточканы пайдалануды тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке карточканы қайта шығару үшін жүгінуге міндетті. Аталған талапты сақтамаған жағдайда және осыған байланысты мұндай карточка бойынша рұқсат етілмеген карточканы пайдалана отырып жасалынған операциялар пайда болған жағдайда, Банктің барлық шығындары, сонымен бірге Банкке келтірілген нұқсан карточка иесінен сөзсіз тәртіпте өндіріп алынуы тиіс.

18. Тізімі Банктің веб-сайтында көрсетілген, тыйым салынған тізімдегі елдерде Банк белгілеген шектеулерге байланысты төлем карточкасын қолданып, транзакциялар жүргізу мүмкін емес.

19. Банктің бастамасымен шотты жабу осы шарттың 2-тарауының 3-бабында келтірілген тәртіпте жүргізіледі.

## 6-бап. Кредиттік лимит ұсыну

Кредиттік лимит тараптар қол қойған кредит шартының негізінде белгіленеді. Кредиттік лимит шеңберінде карточка бойынша кредиттерді ұсыну, пайдалану және өтеу шарттары кредит шартымен реттеледі.

## 7-бап. Адалдық және бонустар бағдарламасы

1. Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде Банк төлем карточкаларын ұстаушыларға арналған адалдық пен бонустардың арнайы бағдарламаларын жүргізуге құқылы. Банк адалдық және бонустар бағдарламасын өткізетін Банк өнімдерінің категориясы Банктің ішкі құжаттарымен анықталады. Адалдық және бонустардың тиісті бағдарламалары туралы ақпарат Банктің веб-сайтында және/немесе мобильді қосымшада жарияланады.

2. Банк өз қалауы бойынша Клиенттерді банк өнімінің талаптарына сәйкес келетін адалдық және бонустар бағдарламасына қосады.

3. Төлем карточкасы бойынша бір ғана адалдық және бонустар бағдарламасы белгіленуі мүмкін.

*4-тармақ осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

4. Төлемдерді кредиттік лимит/Клиенттің меншікті қаражаты есебінен төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырған кезде Банк Клиенттің бонустық шотына Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мөлшерде және шарттарда бонустарды есептейді. Бонустар тек бейілділік және бонустар бағдарламасында көрсетілген операциялар үшін есептеледі. Осы баптың шарттарына сәйкес клиенттің ағымдағы шотына аударылмаған есептелген бонустардың қолданылу мерзімі бейілділік және бонустар бағдарламасында белгіленеді. Банк мерзімі өткен бонустардың күшін жоюға құқылы. Карточканы пайдалана отырып, шетел валютасында операция жасалған жағдайда, Банк Шарт талаптарына сәйкес операция сомасын айырбастауды жүргізеді және алмастырылған операция сомасынан теңгемен бонустарды есептейді.

5. Банк Клиенттің Банк алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, бонустарды есептеуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

6. Клиент есептелген бонустар туралы ақпаратты Банктің мобильді қосымшасында немесе Банк бекіткен нысанға сәйкес өтінішпен Банкке өзі жүгіне отырып қосымша білуге құқылы.

7. Егер Банктің ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, Клиентке есептелген бонустар Клиенттің бонустық шотына аударылады:

1) кредит карточкасы бойынша - Клиенттің кредиттік лимиті/өз қаражаты есебінен төлем карточкасын пайдалана отырып, операцияны жасағаннан кейін;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

2) дебеттік карточка бойынша - егер операция бойынша ақшаны есептен шығару есеп айырысу күнінің алдындағы есептік кезеңде жүргізілсе, есеп айырысу күнінде аударылады.

Бонустарды Клиенттің ағымдағы шотына есепке алу үшін Банктің байланыс орталығына хабарласу немесе Банктің мобильді қосымшасында бонустарды аудару бойынша қажетті іс-әрекеттерді жасау қажет. Кредит карточкасы бойынша берешек болған жағдайда, Банк есептелген бонустар сомасын Клиенттің ағымдағы шотынан мұндай берешекті өтеу есебіне есептен шығаруға құқылы.

8. Егер төлем жүргізілгені үшін бонусты есептеу Банктің ішкі құжаттарында көзделмеген болса, Банк Клиентке төлем карточкасын пайдалана отырып жасалынған төлем үшін бонустарды есептемеуге құқылы.

9. Клиент Банк бонустарды есептеген төленген тауарды қайтарған немесе төленген қызметтен бас тартқан жағдайда және Клиенттің ағымдағы шотына төлемнің тиісті сомасы немесе оның бөлігі қайтарылған жағдайда, Клиенттің Банк алдында тиісті операция үшін бұрын есептелген бонустардың сомаларын қайтару бойынша міндеттемесі пайда болады, ал Банк қайтарылуы тиіс бонустар сомасына Клиенттің ағымдағы шотынан тікелей дебеттеуді жүзеге асыруға құқылы болады. Банк төлем карточкасын пайдалана отырып жасалынатын болашақтағы төлемдерге бонустарды есептеген кезде Банк есептелген бонустарды жойылған бонустар сомасын қайтару бойынша Клиенттің міндеттемелерін өтеуге жібереді.

10. Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты осындай карточканың нөмірін сақтай отырып, карточканы қайта шығарған жағдайда, карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталу сәтінде пайдаланылмаған есептелген бонустар сақталынады.

11. Клиентке Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мөлшерден асатын мөлшерде бонустар есептелген жағдайда немесе Клиентке бонустар қате есептелген жағдайда, Клиент Банкке артық есептелген бонустар мөлшеріндегі ақша сомасын қайтаруға міндетті. Артық есептелген бонустарды қайтаруды Клиент төлем карточкасы бойынша Клиенттің ағымдағы шотына қажетті соманы аудару жолымен, Банк тарапынан кейін есептен шығару (алу) арқылы жүзеге асырылады.

12. Төлем карточкасынан бас тартқан немесе карточканы қайта шығарған сәтте (мысалы, карточканы жоғалтқан/ұрлатқан жағдайда) және карточканың нөмірін өзгерткен немесе Клиент қатысушысы болған адалдық және бонустардың тиісті бағдарламасы бойынша карточка жойылған кезде Клиенттің жоғарыда көрсетілген 9-тармаққа сәйкес жойылған бонустарды қайтару бойынша орындалмаған міндеттемелері болса немесе Клиентте күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын кредит бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда, Клиент Банкке мұндай міндеттемелерді кредиттік лимит/өз қаражаты есебінен есеп айырысу күнінде өтеуді жүзеге асыруды тапсырады. Берешекті өтеу үшін ұсынылған кредитті өтеу кредит шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Банк кез келген уақытта төлем карточкаларын ұстаушыларға арналған адалдық және бонустар бағдарламаларын өзгертуге, жоюға немесе адалдық және бонустар бағдарламасын жаңа бағдарламаға алмастыруға құқылы. Бұл ретте Банк Клиентке осы туралы ақпаратты осы шарттың талаптарына сәйкес хабарлайды.

## 8-бап. Берешекті және/немесе техникалық овердрафтты өтеу

1. Техникалық овердрафт пайда болған жағдайда, Клиент оны сол күннен кешіктірмей өтеуге тиіс.

2. Техникалық овердрафт келесі жағдайларда орын алуы мүмкін: айырбастау операцияларын жүргізу кезінде валюта бағамының айырмашылығы салдарынан; шот бойынша транзакция авторизациясыз көрсетілген жағдайда; Банк операция кезінде комиссияны есепке алмаған жағдайда және т.с.с.

3. Берешек және/немесе техникалық овердрафт Банктің ішкі құжаттарында көрсетілген тәртіппен өтеледі.

## 9-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк міндетті:

*1) тармақша осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

1) Клиенттен түскен өтініш негізінде Банк белгілеген мерзімде Клиентке немесе Клиент берген және нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген өкіліне төлем

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

карточкасын беруге. Виртуалды карточканың деректемелері тек Клиентке ғана ұсынылады;

2) Клиенттің талабы бойынша жазбаша сұрауды алған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде оған берешектің сомасы, сонымен қатар есептік кезең ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып Клиент жасаған операциялар туралы ақпаратты қамтитын үзінді-көшірмені ұсынуға міндетті. Клиентке үзінді-көшірме айына бір рет тегін ұсынылады.

2. Банк құқылы:

1) Клиент карточканы белсендірмеген және/немесе алмаған жағдайда, карточканы жоюға/қолданыстан алуға;

2) кредит шартының талаптарына сәйкес орнатылған кредиттік лимит шеңберінде карточка бойынша кредит ұсынуға;

3) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес карточка бойынша қолма-қол ақшаны алуға лимитті (оның ішінде банкоматтар арқылы), сонымен бірге карточканы пайдалана отырып немесе карточканы пайдаланбастан жүргізуге болатын тәуліктік және/немесе апталық және/немесе айлық операциялар лимитін орнатуға немесе карточка (оның ішінде банкоматтар арқылы) бойынша қолма-қол ақшаны алуға тыйым салуды орнатуға;

4) Бір жақты тәртіпте карточканы компрометациялау тәуекелі жоғары мемлекеттердің және төлем карточкалары бойынша транзакцияларға тыйым салынған мемлекеттердің тізімін орнатуға және оны өзгертуге құқылы.

3. Клиент міндетті:

1) ПИН-кодты немесе карточка ұстаушысының қолымен куәландырылған карточканы немесе карточканың деректемелерін пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша толық жауапты болуға;

2) шартты бұзған жағдайда, Банктен мұндай хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке шарт шеңберінде шығарылған барлық карточкаларды қайтаруға;

3) карточканы жоғалтқан, ұрлатқан жағдайда немесе карточканы компрометациялау қаупі туындаса, Банкке ережелерде қарастырылған тәртіпке сәйкес карточканы бұғаттау туралы ауызша немесе жазбаша өтінішпен дереу жүгінуге;

4) Банктен карточканы пайдалануды тоқтату туралы тиісті жазбаша хабарламаны алғаннан бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке шарттың шеңберінде шығарылған барлық карточкаларды қайтаруға. Клиент осы тармақшада қарастырылған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Банк қайтарылмаған карточканы бұғаттайды және Клиенттен карточканы бұғаттағаны үшін сыйақыны Банктің бекітілген тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес есептен шығарады;

5) Банк шарттың талаптарына сәйкес шығарған карточкаларды кәсіпкерлік мақсатта пайдаланбауға;

6) шартты бұзу туралы жазбаша өтінішті берген кезде Банкке шартқа сәйкес шығарылған барлық карточкаларды қайтаруға;

7) техникалық овердрафттың пайда болуына жол бермеуге;

8) карточка Банк қызметкерлеріне арналған банк өнімдерінің ерекше талаптары бойынша берілген жағдайда, Банк қызметкерімен еңбек қатынастары тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде шартты бұзып, карточканы Банкке қайтаруға;

9) осы шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, сонымен бірге Банктің талабы бойынша шығыралатын/қайта шығарылатын кредит карточкасының әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, берешекті шарттың әрекет ету мерзімі және/немесе шығарылатын/қайта шығарылатын кредит карточкасының әрекет ету мерзімі тоқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын өтеуге міндетті.

4. Клиент карточкадан бас тартуға және біржақты тәртіпте карточка бойынша, сонымен бірге мұндай карточка бойынша кредиттік лимит ұсыну туралы кредит шарты бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда шотты жабуға құқылы. Клиент Банкке шарттың әрекет ету мерзімін тоқтатудың болжанған күніне дейін 30 (отыз) банктік күн бұрын тиісті хабарлама жібере отырып шотты жабады. Ағымдағы шотты жабу Банк хабарлама алған күннен бастап кемінде 30 (отыз) банктік күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

## 5-тарау. Электрондық банктік қызметтерді көрсетудің жалпы талаптары

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1) **биометрикалық сәйкестендіру** –клиенттің электрондық банктік қызметті алу құқығын

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

бірыңғай растау мақсатында клиенттің жеке басын физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде анықтау рәсімі;

2) **динамикалық сәйкестендіру** – SMS кодын пайдалану арқылы оның электрондық банктік қызметтерді алу құқығын бірыңғай растау мақсатында клиенттің жеке басын растауды белгілейтін рәсім;

3) **сәйкестендіру құралы** – Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе әріптер, цифрлар немесе символдар комбинациясынан тұратын бірегей сәйкестендіруші немесе Банк Клиентті сәйкестендіру үшін белгілеген және онымен келісілген өзге де сәйкестендіруші (жеке құпиясөз, біржолғы сәйкестендіру коды, биометрикалық сәйкестендіру құралы);

4) **ақпараттық-банктік қызметтер** – Клиенттің сұрауы бойынша немесе Банк пен Клиент арасында жасалған шартқа сәйкес Банк тарапынан Клиентке оның шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы, осы шот бойынша жүзеге асырылған төлемдер және ақша аударымдары туралы ақпаратты, сонымен бірге көрсетілетін және көрсетілген банктік қызметтер туралы ақпаратты беруімен байланысты электрондық банктік қызметтері;

5) **интернет-банкинг (мобильді банкинг**) – интернет арқылы және/немесе электрондық байланыс құралының арнайы қосымшасы арқылы электрондық банктік қызметтерді динамикалық сәйкестендіру және өзге де сәйкестендіру фактісі бойынша клиентке ұсынатын бағдарламалық-техникалық кешен;

6) **қол жеткізу арнасы –** электрондық қатынас құралының мобильді қосымшасы немесе интернет-банкингтің веб-интерфейсі арқылы Клиенттің банктік қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігі;

7) **жеке құпиясөз** – Клиент құрастырған және оған ғана белгілі интернет-банкингті пайдаланған кезде Клиентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Клиентке берілген логинмен байланысты әліпби-сандық және арнайы таңбалардың бірізділігі;

*8) тармақша осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

8) **жеке кабинет** – интернет-банкинг шеңберінде шартта көрсетілген электрондық банктік қызметтерді және өзге міндеттерді ұсынуға арналған мобильді қосымшадағы интерфейс. Жеке кабинетке кіру Клиентті сәйкестендіру және авторизация арқылы жүзеге асырылады;

9) **логин** – Клиенттің Интернет-банкингке қосылу үшін сәйкестендіру рәсімінен өткен кезде қолданатын телефон нөмірі. Логинді өзгерту үшін Клиент Банк белгілеген үлгі бойынша Банкке жазбаша өтініш жіберуі керек;

*10) тармақша осы шартқа №10 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (31.08.2023 ж. № 26/2023 хаттама)*

10) **мобильді қосымша** – Google Play, Huawei AppGallery және AppStore-да Android, Huawei (Harmony OS) және iOS платформаларына жүктеуге болатын «Home Credit Bank банк онлайн», қосымшасы;

11) **қауіпсіздік рәсімі** – Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу құқығын, сонымен бірге жіберілетін және алынатын электрондық құжаттардың құрамындағы қателіктерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды әзірлеген, табыстаған және алған кезде Клиенттің сәйкестендіруіне арналған ұйымдық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық техникалық құралдарының кешені;

12) **қарапайым қолжетімділік** – Банкте кредит алған және/немесе Банкте шығарылған кредит карточкасын алған Клиенттерге Банк ұсынатын интернет-банкингті қолдану рұқсатының түрі;

13) **толық қолжетімділік** – Банкте ағымдағы шоты (кредит карточкасын шығару кезінде ашылатын ағымдағы шотты қоспағанда)/салымы бар немесе Банк шығарған дебеттік карточканы алған Клиенттерге Банк ұсынатын интернет-банкингті қолдану рұқсатының түрі;

14) **шектеулі қолжетімділік** - Интернет-банкингке тіркелу кезінде Клиентті сәйкестендіру рәсімінен өтпеген Клиенттерге Банк ұсынатын интернет-банкингті қолдану рұқсатының түрі;

*15) тармақша осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулаы редакциясында мазмұндалды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама).*

15) **push-хабарламалар** - мобильді қосымша орнатылған электрондық байланыс құралының экранында пайда болатын қысқаша қалқымалы хабарламалар;

16) **эмитент-банк** – ҚР Екінші деңгейдегі банкі немесе төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын Ұлттық почта операторы;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

17) **Карточкадан карточкаға аударымдар (P2P)** (бұдан әрі – қызметтер) – шарттың талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына және Visa/MasterCard халықаралық төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес Клиентке ұсынылатын жіберуші және алушы карточкасының деректемелерін пайдалана отырып, ақша аудару операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін төлем карточкасын ұстаушыларға көрсетілетін Банк қызметі. Ақша аударымдары VISA Direct және/немесе MasterCard MoneySend технологияларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

18) **төлем карточкасын ұстаушы** - оның атына төлем карточкасы шығарылған жеке тұлға;

19) **шектеулі қолжетімділігі бар Клиентті қосымша сәйкестендіру** – жіберушінің карточкасы бойынша алаяқтық операциялардың тәуекелдерін төмендету мақсатында жүзеге асырылатын шектеулі қолжетімділігі бар Клиентті Банктің келесі тәсілдерінің бірімен қосымша тексеру рәсімі:

3DSecure технологиясы және / немесе

100 теңгеге дейінгі тест сомасын бұғаттау технологиясы;

20) **жіберушінің карточкасы** – деректемелерді және/немесе деректемелер туралы ақпаратты пайдалана отырып, Банк қызмет көрсеткен кезде жіберуші карточкасының шотынан ақшаны есептен шығару жүзеге асырылатын карточка;

21) **алушының карточкасы** – деректемелерді және/немесе деректемелер туралы ақпаратты пайдалана отырып, Банк қызмет көрсеткен кезде алушы карточкасының шотына ақша аударылатын карточка;

22) **жіберуші** – ҚР Банкінің төлем карточкасын ұстаушы болып табылатын, ақша төлеміне және (немесе) аударымына байланысты нұсқауды жіберетін, оның ішінде ақша жіберуші, ақша аударымының бастамашысы немесе бенефициар болуы мүмкін тұлға;

23) **Халықаралық Төлем жүйесі (ХТЖ)** - төлем карточкаларының осы жүйесінің ішкі ережелеріне сәйкес карточкаларды пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралардың жиынтығы. Шарттың мақсаттары үшін ХТЖ ретінде Visa International, MasterCard International халықаралық төлем жүйелері түсініледі;

*24) тармақша шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

24) **Банк провайдері** - Банкпен шарттық қатынастарға сәйкес Банк электрондық банк қызметтерін ұсынған кезде процессингті (төлем карточкаларымен операциялар бойынша есеп айырысу қатысушыларына ақпарат жинау, өңдеу, тарату қызметтерін) көрсететін компания;

25) **аударым сомасы** – Банк қызмет көрсетуге арналған тапсырмада жіберуші көрсеткен сома;

26) **CVV2 / CVC2 код технологиясы** - CNP (cardnotpresent) ортасында транзакцияны жүргізу кезінде ХТЖ-ны қорғау элементі ретінде қолданылатын технология. CVV2 (ағылш. CardVerificationValue 2) - Visa international төлем жүйесі карточкасының дұрыстығын тексерудің үш таңбалы коды. CVC2 (ағылш. CardValidationCode 2) - MasterCardWorldwide төлем жүйесі карточкасының дұрыстығын тексерудің үш таңбалы коды. Ұстаушының қол қою жолағына карточка нөмірінен кейін немесе Карточка нөмірінің соңғы 4 санынан кейін индент-мөр тәсілімен жазылады.

Банктің технологияны пайдалану процесі:

Банк Клиенттен CVC2 немесе CVV2 кодты (бұдан әрі - код) сұратады, оны клиент операцияның өзге параметрлерін енгізумен қатар экрандық нысанда көрсетуі тиіс;

а) Банк сәйкестендіру арқылы алынған кодты жіберуші карточкасының Эмитент-банкіне тексеру үшін жібереді;

б) сәйкестендіру нәтижесінде Банк жіберушінің карточкасы бойынша операцияларды жүзеге асыруға тыйым салған (эмитент-банктің карточкасында шектеулер белгіленген) жағдайда, оның ішінде егер сұралған код енгізілмеген немесе қате енгізілген болса, Банк интернет банкинг қолданушысына қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы;

*26-1) тармақша шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

26-1) **Oneclick технологиясы** – Банкте ресімделген өнімдерді (кредиттер, депозиттер, төлем карточкаларын) толықтыру мақсатында өз шотына бөгде эмитент банктің карточкасынан аударымды/төлемді және/немесе Банк карточкасынан бөгде эмитент банктің карточкасына аударымды мобильді қосымша арқылы (осы технологияны қолдануға тыйым салынбаған кезде) CVV2/CVC2 код технологияларын және (немесе) 3DSecure төлем карточкасын бастапқы тіркелгеннен

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

кейін жоғарыда көрсетілген жоғары қауіпсіздік технологияларының көмегімен аударуды жүзеге асыру арқылы бірнеше рет қайталаусыз орындауға мүмкіндік беретін технология. Клиенттің Мобильді қосымшаға қолжетімділік кодын енгізу арқылы авторландыруы клиентті сәйкестендіру және одан әрі осы технологияға бөгде эмитент банктердің сақталған (тіркелген) төлем карточкалары және Банктің мобильді қосымшадағы карточкалары бойынша қол жеткізуді ұсыну үшін жеткілікті негіз болып табылады. Банк операцияларды жүргізу қауіпсіздігін ұлғайту мақсатында осы технологияны қолдануға лимиттер қоюға құқылы;

27) **карточканың нөмірі** – төлем карточкасының ұстаушысына, эмитентіне және ХТЖ-ға тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін төлем карточкасында көрсетілген және/немесе сақталатын жеке 16 таңбалы нөмір;

28) **3DSecure технологиясы** – интернет желісінде төлем карточкалары бойынша операцияларды жүргізудің жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әзірленген технология. Осы технология шеңберінде интернет-банкинг клиентінің жеке басы жіберушінің карточкасын шығарушы эмитент-банктің серверінде осындай банк белгілеген тәсілмен куәландырылады;

29) **тестілік бұғатталатын соманың технологиясы** – жіберушінің карточкасы бойынша 100 теңгеге дейінгі тестілік соманы бұғаттау жүргізілетін қызмет көрсету кезінде Банк жүзеге асыратын шектеулі қолжетімділігі бар Клиентті қосымша сәйкестендіру тәсілдерінің бірі. Жіберушінің карточкасын ұстаушы жіберушінің карточкасын шығарған эмитент-банкке хабарласып, бұғатталған соманы біле алады.

30) **транзакциялық-банктік қызметтер** – Клиент тарапынан банктік шотты (шоттарды) ашумен және мұндай банктік шотты (шоттарды) жабумен, төлемдерді жүргізумен және ақша аудару процестерімен, шетелдік валютамен ақша айырбастау операцияларын жүргізумен, кредит/карточка бойынша кредит берумен және ақпараттық-банктік қызметтерге қатысты емес банктік қызметтердің өзге түрлерін жүзеге асырумен байланысты электрондық банктік қызметтер;

31) **интернет желісі** – ақпаратты сақтау мен жіберуге арналған біріккен компьютерлік желілердің дүниежүзілік жүйесі;

*32) тармақша осы шартқа №4 Өзгерістерге сәйкес алынып тасталды (19.04.2021 ж. № 7/2021 хаттама)*

33) **электрондық банктік қызметтер** – Клиенттің банктік шот (шоттар) бойынша жүргізілген операциялар, банктік шот (шоттар) туралы ақпаратты алу үшін өзінің банктік шотына (өздерінің банктік шоттарына) қол жеткізуге, ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыруға, банктік шот (шоттар) ашуға немесе жабуға және/немесе банк телекоммуникациялар желілері бойынша спутниктік байланыс немесе өзге де байланыс түрлері арқылы көрсететін өзге де банктік операциялардың түрлерін жүзеге асыруға байланысты қызмет көрсетулер. Электрондық банктік қызметтерді көрсету ақпараттық-банктік және транзакциялық-банктік болып бөлінеді;

*34) тармақша осы шартқа №4 Өзгерістерге сәйкес алынып тасталды (19.04.2021 ж. № 7/2021 хаттама)*

*35) тармақша осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

35) **SMS-код** – интернет-банкингте тіркелуге, құпиясөзді қалпына келтіруге, операцияларды растауға немесе бұрын тіркелмеген электрондық байланыс құралы арқылы Мобильді қосымшаға кірген кезде Клиентті сәйкестендіруге арналған бір реттік код. Банк SMS-кодты клиенттің жеке басын анықтау үшін оның шартта қарастырылған операцияларды жасау құқығын бірыңғай растау мақсатында Клиенттің телефон нөміріне SMS түрінде жібереді;

*1-бап осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 36-43)тармақшалармен толықтырылсын (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

36) **жөнелтуші** – ҚР Банкінің төлем карточкасын ұстаушы болып табылатын, ақша төлеміне және (немесе) аударымына байланысты нұсқауды жөнелтетін, сонымен бірге ақша жөнелтуші, бастамашы немесе бенефициар болуы мүмкін тұлға;

*37), 38), 39), 40), 41), 42) тармақшалары осы шартқа № 8 Өзгерістермен алып тасталды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

43) **Мобильді қосымшаға қол жеткізу коды** – Клиент өзі құрған, Клиентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, Клиентке тиесілі логин мен құпиясөзбен, Клиенттің биометриялық деректерімен байланысты, Клиентке ғана белгілі болатын 4 (төрт) сандық белгілердің тізбегі, осы тізбектің

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

көмегімен Клиент мобильді қосымшаға жылдам қол жеткізе алады.

## 2-бап. Негізгі ережелер

1. Осы Стандартты электрондық қызметтерді ұсыну талаптары интернет-банкинг (мобильді банкинг) және/немесе электрондық терминалдың көмегімен электрондық банктік қызметтерді ұсынумен байланысты Клиент пен Банк арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.
2. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну Клиент осы шартқа қосылғаннан кейін жүзеге асырылады.
3. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну шеңберінде Банк төменде көрсетілген қызметтерді қоса алғанда және шектелместен ұсынады:

1) шоттар бойынша ақпаратты ұсыну (ақша қалдығы, шот валютасы мен өзге ақпарат);
2) берешек қалдығы, кредит шарты бойынша ай сайынғы төлемдердің мөлшері және берешекті өтеу бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты ұсыну;
3) шот бойынша операциялар туралы ақпаратты ұсыну;
4) кредит шарты бойынша өтеу кестесін ұсыну;
5) салымдар бойынша есептелетін сыйақы туралы ақпаратты ұсыну;
6) қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін беру;
7) жеке банктік шоттар арасындағы банк ішіндегі аударымдарды жүзеге асыру мүмкіндігін беру;
8) ағымдағы шоттарды ашу, қызмет көрсету және жабу;
9) салымдарды ашу, қызмет көрсету және жабу;
10) кредит және дебеттік карточкалар бойынша қызмет көрсету;
11) басқа эмитенттердің карточкаларынан өз шоттарына аударымдарды жүзеге асыру;
12) Банктегі салымдарды толықтыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
13) кредиттер алу үшін кредит шарттарын жасасу;
14) банктік қызметтерді алу мақсатында ЭЦҚ шығаруға арналған өтініштерді жіберу;
15) банктік депозиттік сертификаттарды ресімдеу;
16) өтініштерді кредитті ішінара немесе толық өтеуге жіберу;
17) өзге электрондық банктік қызметтер.

*2-бап осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 4-тармағымен толықтырылды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

4. Банк ақша алушының деректемелерін (IBAN, ЖСН/БСН) енгізу арқылы интернет-банкинг арқылы заңды тұлғалардың және (немесе) жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың пайдасына ақша аудару бойынша Клиентті шектеуге құқылы.

## 3-бап. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну талаптары

1. Банк электрондық банктік қызметтерді қашықтықтан дербес компьютерлер, электрондық байланыс құралдары, электрондық терминалдар және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әдістердің көмегімен байланыс арналары арқылы көрсетеді. Клиент дербес және өз есебінен өзінің дербес компьютерлері мен электрондық байланыс құралдарын интернет желісіне қосылуын, сонымен бірге пайдаланатын дербес компьютерлері мен электрондық байланыс құралын заңсыз қол жеткізу мен залал келтіретін бағдарламалық жасақтамадан қорғауды қамтамасыз етеді.
2. Клиент электрондық банктік қызметтердің толық жиынтығын алу үшін ұялы телефон/дербес компьютер/ұялы байланыс операторының желісіне қосылған және интернет желісіне рұқсаты бар басқа құрылғыларға ие болуы тиіс.

*«Электрондық» сөзі 3-тармақтан осы шартқа № 8 Өзгерістермен алып тасталды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

3. Транзакциялық-банктік қызметтерді көрсету кезінде Банк пен Клиент арасындағы ақпарат алмасу сәйкестендіру құралдарының көмегімен жүзеге асырылады. Транзакциялық-банктік қызметтерді сәйкестендіру құралдарын пайдаланбастан телефон арқылы Банктің ішкі ережелері мен шарттарында қарастырылған қауіпсіздік рәсімін қолдану негізінде ғана рұқсат етіледі.
4. Тараптар Клиенттің транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асыруға тапсырмалары, сонымен бірге шарттың талаптарына сәйкес интернет-банкинг немесе электрондық терминал көмегімен қалыптастырылған Клиенттің өзге өтініштері/нұсқаулары қағаз тасығышта ресімделген құжаттарға сәйкес келетіндігімен және шарт бойынша тараптарда үйлес құқықтар мен

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

міндеттемелердің туындауына алып келетіндігімен келіседі (ҚР заңнамасына сәйкес қағаз тасығышта әзірленген және/немесе жасалынған құжаттар мен шарттарды қоспағанда). Клиент тарапынан операцияның жүргізілуін құжат түрінде растауына Клиенттің дұрыс аутентификациясын, сәйкестендіруін және жүйеде операцияны жүргізуді растайтын Банктің тиісті автоматтандырылған жүйесінде операцияларды жүргізу хаттамасы саналады.

5. Банк көрсететін электрондық банктік қызметтер үшін сыйақыны Банктің тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес алады.

6. Банк шот валютасынан ерекшеленетін валютада операцияларды жүргізген жағдайда, Банк операцияны өңдеу сәтінде әрекет ететін халықаралық төлем жүйелерінің/Банктің бағамы бойынша операция сомасының конвертациясын жүзеге асырады.

7. Шотқа ақша қолма-қол ақшасыз тәртіпте немесе шот валютасынан ерекшеленетін валютада қолма-қол ақша енгізілген жағдайда, Банк операцияны өңдеу сәтінде әрекет ететін халықаралық төлем жүйелерінің/Банктің бағамы бойынша операция сомасының конвертациясын жүзеге асырады.

8. Банк Клиенттің өкілдеріне (оның ішінде сенім білдірген тұлғаларына) интернет-банкинг арқылы электрондық банктік қызметтерді қосу және пайдалану мүмкіндігін ұсынбайды.

9. Клиенттің өзінің шоттарынан ақшаны интернет-банкинг арқылы аудару туралы тапсырмасын Банк Клиенттің мұндай тапсырмасында орындау мерзімі көрсетілмесе, тапсырманы ресімдеу күнінен кейінгі 1 (бір) операциялық күннен кешіктірмей орындайды.

10. Клиенттің шоттары арасында интернет-банкинг арқылы ақша аударған кезде ақшалай қаражатты шотқа есепке алу 1 (бір) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

11. Клиенттің атына өзге ұйымдардан түсетін төлемдер мен аударымдарды Банк Клиенттің тиісті шотына/салымына тиісті шарттарда есепке алудың өзге мерзімі қарастырылмаса, Банктің шотына ақшалай қаражаттың тиісті сомасын есептеген күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күннен кешіктірмей есепке алады.

12. Банктегі Клиент шоттарынан шетел валюталарындағы басқа ұйымдардағы (ҚР аумағындағы немесе ҚР аумағынан тыс жерлердегі) үшінші тұлғалардың шоттарына төлемдері мен аударымдары ҚР мен тиісті шетел валютасындағы ақшаны есепке алатын мемлекеттегі демалыс және жұмыс емес күндерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

13. Банктің бастамасы бойынша SMS-хабарламаларды электрондық банктік қызметтерді ұсыну шеңберінде тарату Клиенттен комиссиялар мен алымдарды ұстамастан Банктің өз есебінен жүзеге асырылады.

14. Клиентті электрондық банктік қызметтен ажырату Банк бекіткен нысанда қағаз тасығышта тиісті түрде ресімделген және Клиенттің қолы қойылған қызметті өшіру туралы өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

## 4-бап. Интернет-банкинг (мобильді банкинг) қызметін ұсыну және пайдалану тәртібі

*1-тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

1. Клиент мобильді банкингке кіру үшін мобильді қосымшаны пайдаланады.

*2-тармақ осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

2. Интернет банкингке кіру үшін Клиент тіркелу процесінен өтуі тиіс.

Қарапайым қолжетімділігі бар Клиент тіркелу үшін логинін көрсетуі қажет; толық қолжетімділігі бар Клиент логинін және келесі нөмірлердің бірін көрсетуі қажет: жеке куәлік нөмірі, банктік салым шартының нөмірі, шот нөмірі (кредит карточкасын шығару кезінде ашылатын ағымдағы шотты қоспағанда), дебет карточкасының нөмірі.

Қарапайым қолжетімділік ұсынылған Клиент Банкте ағымдағы шотты (кредит карточкасын шығару кезінде ашылатын ағымдағы шотты қоспағанда)/салымды ашса немесе дебет карточкасын алған жағдайда, Клиент интернет-банкингте қайта тіркеуден өтуі қажет.

3. Клиент қажетті деректерді көрсеткеннен кейін Клиенттің ұялы телефон нөміріне тіркеуді растау үшін SMS-код жіберіледі.

4. Клиент жеке құпиясөзді оны құрастыру кезінде сипатталған талаптарға сәйкес SMS-кодты енгізгеннен кейін жеке өзі құрастырады.

5. Электрондық банктік қызметтерге қолжетімділік Клиент Интернет-банкингте

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

сәйкестендіруден өткеннен кейін ұсынылады. Клиентті интернет-банкингте сәйкестендіру тиісті электрондық терезеде тиісті логин мен жеке құпиясөзді енгізу жолымен жүргізіледі.

*4-бап осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 5-1-тармақпен толықтырылсын (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

5-1. Мобильді банкингке кіру үшін электрондық байланыс құралы ауысқан жағдайда, Клиент жаңа электрондық байланыс құралын тіркеу үшін SMS-код бойынша сәйкестендірілуі тиіс.

6. Клиент бір сессия ішінде саны жағынан шектеусіз электрондық банктік қызметтерді алуға құқылы. Банк осы Тараудың 8-бабының 9-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда бір сессия уақытын шектемейді.

7. Клиент жеке құпиясөзін жоғалтқан жағдайда, жеке құпиясөзін мобильді банкингтегі (интернет-банкингтегі) авторизация парақшасындағы «Құпиясөзді ұмытып қалдыңыз ба?» батырмасын басу арқылы қалпына келтіру мүмкіндігіне ие. Құпиясөзді қалпына келтіру үрдісі тіркеу үрдісімен бірдей және клиенттен бірдей деректерді енгізуді талап етеді.

8. Интернет-банкинг арқылы қарапайым қолжетімділігі бар Клиент электрондық банктік қызметтердің келесі түрлерін алуға құқылы:

1) берешектің қалдығы, кредит шарттары бойынша ай сайынғы төлемдердің мөлшері және берешекті өтеу бойынша жүзеге асырылған төлемдер туралы ақпаратты қарауға;
2) кредит карточкасының шоты бойынша ақпаратты қарауға (ақша қалдығы, шот валютасы және басқа ақпаратты);
3) тиісті кредит шарты бойынша өтеу кестесін қарауға;
4) эмитент-банктің карточкасын пайдалана отырып, кредит шарты бойынша берешекті өтеуге;
5) кредит алуға өтінім жіберуге;
6) банк кеңселеріндегі кезекті брондауға;
7) кредит картасын белсендіруге;
8) кредит карточкасы бойынша пин-кодты өзгертуге/орнатуға;
9) карточкадан эмитент-банктерінің карточкасына аударымдар жасауға;
10) эмитент-банктердің карточкаларын пайдалана отырып, қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға.

Интернет-банкинг арқылы толық қолжетімділігі бар Клиент электрондық банктік қызметтердің келесі түрлерін алуға құқылы:

1) шоттар бойынша ақпаратты қарауға (ақша қалдығы, шот валютасы және басқа ақпаратты);
2) берешектің қалдығы, кредит шарттары бойынша ай сайынғы төлемдердің мөлшері және берешекті өтеу бойынша жүзеге асырылған төлемдер туралы ақпаратты қарауға;
3) тиісті кредит шарты бойынша өтеу кестесін қарауға;
4) салымдар бойынша есептелген сыйақы туралы ақпаратты қарауға;
5) интернет-банкингте (мобильді банкингте) ұсынылған қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға;
6) меншікті банктік шоттар арасында банкішілік аударымдарды жүзеге асыруға;
7) Банкте ресімделген кредиттерді өтеуді жүргізуге;
8) эмитент-банктердің карточкаларынан өз шоттарына аударымдар жасауға;
9) карточкадан эмитент-банктерінің карточкасына аударымдар жасауға;
10) эмитент-банктердің карточкаларын пайдалана отырып, қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға.
11) ағымдағы шоттарды ашуға, қызмет көрсетуге;
12) салымдарды ашуға, қызмет көрсетуге;
13) кредит алуға өтінім жіберуге;
14) банк кеңселеріндегі кезекті брондауға;
15) Банк шығарған карточкаларды белсендіруге;
16) Банк шығарған карточкалар бойынша пин-кодты өзгертуге/орнатуға;
17) кредиттер алу үшін кредит шарттарын жасасуға;
18) банктік қызметтерді алу мақсатында ЭЦҚ шығаруға арналған өтінішті беруге;
19) банктік депозиттік сертификаттарды ресімдеуге;
20) кредитті ішінара немесе толық өтеуге өтініштерді беруге;
21) өзге де транзакциялық-банктік қызметтерді және ақпараттық-банктік қызметтерді жүзеге

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

асыруға.

Банк электрондық банктік қызметтердің тізбесін және оларды ұсыну тәсілдерін өз қалауы бойынша кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгертуі және/немесе толықтыруы мүмкін.

*5-бап шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

**5-бап. Қолжетімділігі шектеулі Клиенттерге электрондық банктік қызметтер көрсету және Клиенттерге төлем карточкасынан төлем карточкасына ақша аудару және Банк өнімдері бойынша төлем бойынша қызметтер көрсету шарттары**

Қолжетімділігі шектеулі Клиенттерге электрондық банктік қызметтер көрсету және Клиенттерге төлем карточкасынан төлем карточкасына ақша аудару және Банк өнімдері бойынша төлем бойынша қызметтер көрсету шарттары шартқа 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

**6-бап. Электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсыну және пайдалану тәртібі**

1. Клиент электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметтерге қол жеткізу үшін банктік қызмет көрсету шартының (банктік салым шартының, ағымдағы шотты ашу шартының, кредит шартының) нөмірін немесе осы шарттың немесе өтініштің нөмірін немесе ЖСН-ды көрсетеді және/немесе электрондық терминалдың тиісті терезесінде көрсетілетін өзге нұсқаулықтарды сақтайды. Банк өзінің ішкі құжаттарында анықталған өзге ақпаратты сұратуға және/немесе клиенттен сәйкестендіру құралын қолдануды талап етуге құқылы.
2. Клиент бір сессия ішінде электрондық банктік қызметтердің шексіз санын алуға құқылы. Бір сессия уақыты шартта бекітілген жағдайларды қоспағанда шектелмейді.
3. Клиент электрондық терминалдардың көмегімен келесі электрондық банктік қызметтердің түрлерін алуға құқылы:
   1) электрондық терминал экранында көрсетілген қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға;
   2) Банкте ресімделген кредиттерді/карточка бойынша кредиттерді өтеуге;
   3) Банкте ресімделген салымдарды толықтыруға;
   4) қолма-қол ақшаны алуға;
   5) электрондық терминал арқылы қолжетімді өзге транзакциялық-банктік және ақпараттық-банктік қызметтер.
4. Қолма-қол ақшаны электрондық терминалдар арқылы салу арқылы төлемдерді жүзеге асыру мен ақшаны аудару кезінде ақша жіберушіге ҚР заңнамасында қарастырылған міндетті деректемелерден тұратын чек беріледі. Клиент электрондық терминал арқылы алатын чегінің статусы алғашқы құжат болып танылады және электрондық терминал арқылы Банкке қолма-қол ақшаны енгізу арқылы төлемді жүзеге асыру және/немесе ақша аударуды жүзеге асыру фактісін растайды.

*7-бап осы шартқа №4 Өзгерістерге сәйкес алынып тасталды (19.04.2021 ж. № 7/2021 хаттама)*

**8-бап. Электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру және тоқтату**

1. Шартта қарастырылған негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатқан немесе жойған кезде Банк Клиентке телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы немесе тиісті хабарламаны Банктің веб-сайтында жариялау арқылы немесе ҚР заңнамасының талаптарына қарама-қайшы келмейтін өзге әдіс арқылы хабарлайды.
2. Банк электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатуды немесе жоюды келесі жағдайларда жүзеге асырады:
   1) Банкпен жасалынған шарттың немесе өзге де банктік қызмет көрсету шарттарының талаптары бұзылған жағдайда;
   2) электрондық банктік қызметтерді ұсынуды немесе техникалық жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулықтары пайда болған жағдайда;
   3) Банктің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша Банкке өтініш ұсынған күннен кейінгі келесі банктік күнінен кешіктірмей Клиент өтінішінің негізінде;
   4) электрондық банктік қызметтерге қосылу өтінішінде телефон нөмірін қате көрсеткен жағдайда;
   5) Банк Клиенттерінің арасында телефон нөмірлерінің бірегейлігі талаптары бұзылған жағдайда;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

6) Клиент өзінің дербес деректерін өңдеуге келесімін кері қайтарған жағдайда;

7) Банктің қалауы немесе ҚР заңнамасында және/немесе шартта қарастырылған өзге негіздерге сәйкес.

3. Банк интернет-банкинг қызметтерін көрсетуді тоқтатуды немесе жоюды, сонымен бірге Клиент шоттарын жапқан кезде немесе Клиентпен жасалынған шарттарға сәйкес электрондық банктік қызметтердің ұсынылуының тоқтатылуы немесе жойылуы секілді шарттардың өзгеруі барысында жүзеге асырады.

4. Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу, Клиентке электрондық банктік қызметтерді ұсыну құқығын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған жағдайда қайтадан ұсынылады.

5. Электрондық банктік қызметтер тоқтатылған және жойылған кезде тараптар өздерінің барлық қаржылық және өзге міндеттемелерін толық көлемде орындауы тиіс.

## 9-бап. Қауіпсіздік рәсімдері

1. Банк байланыстың электрондық арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.

2. Интернет желісіне қосылу құпиялылығы мен ақпараттық қауіпсіздігін HTTPS жабық деректерін беру хаттамасы үшін SSL сертификатының, логин мен жеке құпиясөздің, сонымен бірге тіркеу, құпиясөзді қалпына келтіру, сонымен бірге бір мезгілде 4 000 (төрт мың) теңгеден асатын сомаға төлемдер мен аударымдарды жүргізу бойынша операцияларды растау үшін SMS-кодтардың болуы қамтамасыз етеді.

3. Даулы жағдайларды анықтауға және талдауға қажет деректерге қол жеткізу Клиент пен Банк жіберген/алған барлық құжаттардың мұрағатын жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

4. Жүйедегі пайдаланушылардың барлық іс-әрекеттері электрондық журналға жазылады.

5. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк Клиент көрсеткен логиннің, жеке құпиясөздің, Банкпен жасалынған банктік қызмет көрсету шартының нөмірін және интернет-банкинг жүйесіне кірген кезде немесе электрондық терминалды пайдаланған кезде SMS-кодты дұрыс көрсетуін автоматты түрде тексеруді қолданады.

6. Логинді және/немесе жеке құпиясөзді 3 (үш) рет дұрыс енгізбеген жағдайда, Банк пайдаланушыны интернет-банкингте 15 (он бес) минутқа бұғаттауды жүзеге асырады. Көрсетілген уақыт аяқталғаннан кейін Клиент логинді және/немесе жеке құпиясөзді, SMS-кодты дұрыс енгізсе, интернет-банкингтің жұмысы қайтадан қалпына келтіріледі.

7. Жеке құпиясөз үнсіз келісім бойынша 30 (отыз) күн ішінде әрекет етеді. Осы параметрді интернет-банкингтің (мобильді банкингтің) баптауында реттеп, құпиясөздің әрекет ету мерзімін 60 (алпыс) немесе 90 (тоқсан) күнге дейін ұзартуға болады. Таңдалынған мерзім аяқталғаннан кейін Клиент жеке құпиясөзді жаңа құпиясөзге өзгертуге міндетті. Клиент көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін жеке құпиясөзді өзгертпесе және интернет-банкингті пайдалануды қаласа, Клиентке 6 (алты) интернет-банкинг сеансынан аспайтын сеанс беріледі және Клиент осы сеанстар кезінде жеке құпиясөзін жаңа құпиясөзге ауыстыруға міндетті. Олай болмаған жағдайда, интернет-банкингке қол жеткізу бұғатталады.

8. Банк құпиясөзді таңдаған кезде келесі талаптарды пайдалануға кеңес береді:

1) құпиясөздің ұзындығы 8 (сегіз) таңбадан аспауы тиіс;

2) құпиясөз келесі талаптардың кемінде үш талабына жауап беруі тиіс:

құпиясөзде кіші әріптерді (a-z) пайдалану;

құпиясөзде бас әріптерді (A-Z) пайдалану;

құпиясөзде цифрлық мәндерді (0-9) пайдалану;

құпиясөзде арнайы таңбаларды (Клиенттің қалауы бойынша) пайдалану.

9. Егер қол жеткізу құралы (компьютер/мобильді телефон/басқа құрылғылар) Клиент интернет-банкингке кіргеннен кейін 15 (он бес) минуттан астам әрекетсіз болса, автоматты түрде интернет-банкингтен шығарылып, сессия аяқталады.

10. Клиенттің интернет-банкинг немесе электрондық терминалдар арқылы электрондық банктік қызметті алу туралы тапсырмасының шынайылығын тексеруді Банк пайдаланушыда интернет-банкингте тіркелген логин болған кезде автоматты түрде жүзеге асырады. Бір мезгілде 4 000 (төрт мың) теңгеден жоғары сомаға транзакциялық-банктік қызметтер жүзеге асырылған кезде операцияларды растау үшін SMS-кодты қосымша көрсету талап етілуі мүмкін.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

*9-бап осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында 10-1) тармақпен толықтырылсын (16.10.2020 ж. № 33/2020 хаттама)*

10-1. Мобильді қосымшаға бұрын тіркелмеген электрондық байланыс құралы арқылы кірген кезде оны SMS-код арқылы сәйкестендіру рәсімі жүзеге асырылады. Бұл рәсім Клиенттің электрондық байланыс құралын әр ауыстырған сайын міндетті болып табылады. Клиенттің әрбір тіркелмеген электрондық байланыс құралы үшін тіркеу бір рет жүргізіледі. Егер Клиент мобильді қосымшаны жоймаса, осы байланыс құралы үшін SMS-кодты одан әрі енгізу талап етілмейді.

11. Клиент байланыс орталығына хабарласу арқылы интернет-банкингке қол жеткізуді бұғаттай алады.

12. Қажет болған жағдайда, Банк Клиенттің интернет-банкингке қол жеткізуін толық бұғаттауға мүмкіндігі бар.

*9-1-бап осы шартқа № 8 Өзгерістермен алып тасталды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

## 10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк міндетті:

1) шартта қарастырылған тәртіпте электрондық банктік қызметтерді көрсетуге;

2) Клиентке интернет-банкингте тіркелу және құпиясөзді қалпына келтіру, сонымен бірге шарттың талаптарына сәйкес операцияларды растау үшін SMS-кодты ұсынуға;

3) Клиенттің сұрауы бойынша оған электрондық банктік қызметтерді жіберуді және/немесе алуды растайтын құжаттарды ұсынуға. Банк мұндай құжаттардың негізінде мұндай сұрау түскен күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде электрондық банктік қызметтерді ұсынады;

4) шартта көзделген тәртіппен Клиенттің өтініші бойынша электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтатуға;

5) шартта көзделген тәртіппен Клиенттен жазбаша өтініш алған кезде Клиенттің өтініші негізінде электрондық банктік қызметтерді ұсынуды, жоюды/тоқтатуды қалпына келтіруге міндетті.

2. Банк құқылы:

1) кез-келген сәтте жеке қалауы бойынша Клиент интернет-банкинг және электрондық терминал арқылы Банктегі шоттары/салымдары бойынша жасай алатын банктік операциялар мен функциялардың тізімін анықтауға және өзгертуге;

2) Клиент SMS-кодты дұрыс көрсетпеген жағдайда, операцияларды жүзеге асырудан бас тартуға;

3) егер шоттағы ақша қалдығы төлем сомасы мен Банкке төленуі тиіс қызмет үшін комиссиялық сыйақы сомасынан аз болса, транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асырудан бас тартуға;

4) интернет-банкингтің және электрондық терминалдың интерфейсі мен техникалық баптауына өзгерістер жүргізуге;

5) шартта қарастырылған негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтатуға немесе мүлдем жоюға;

6) Клиент тарапынан қол жеткізу арналарын пайдалануға тұрақты немесе уақытша шектеулер қоюға, оның ішінде нақты қол жеткізу арнасы арқылы Клиент тіркеу мен беруді жүзеге асыра алатын қызмет түрлерінің тізімін шектеуге;

7) Клиентке хабарлама жіберместен Банк Клиент атынан заңсыз қол жеткізу арналарына кіру мүмкіндігі бар жағдай орын алды деп есептесе, Банк мұндай қол жеткізу арнасының бір немесе бірнеше арнасы бойынша қызметке қол жеткізу мүмкіндігін уақытша шектеуге немесе тоқтатуға;

8) Біржақты тәртіппен интернет-банкинг пен электрондық терминалдағы операциялар бойынша шектеуді (лимитті) орнатуға және өзгертуге. Банктің көрсетілген шектеулерді орнатуы және/немесе өзгертуі туралы шешімі жөніндегі ақпарат веб-сайтта және/немесе электрондық терминалдың ақпараттық дисплейінде орналастырылады;

9) Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда, электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді бұғаттауға;

10) электрондық терминалдар арқылы Клиент жүзеге асыратын операцияларды суретке және видеоға түсіре отырып жүзеге асыруға. Клиент электрондық терминалды қолдана отырып, кез-келген операцияларды жүргізу кезінде Банк жасаған суреттер мен видео жазбалар Клиент мұндай операцияларды жүргізу фактісін анықтау кезінде дәлел ретінде қолданыла алатындығымен келіседі және растайды;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

11) Банк электрондық терминалдардың немесе банкоматтардың инкассациясы кезінде анықталған артық сомалардың бар екендігін білген сәттен бастап Клиент тарапынан 6 (алты) ай ішінде талап етілмеген сомаларды өз меншігіне аударуға құқылы.

3. Клиент электрондық банктік қызметтерді алу кезінде дербес компьютерлердің, электрондық байланыс құралдарының, электрондық терминалдардың және т.с.с экрандарында көрсетілген нұсқаулықтарды сақтауға міндетті.

4. Клиент құқылы:

1) электрондық банктік қызметтерді пайдалануды байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе Банк бекіткен нысан бойынша жазбаша өтінішті Банкке жіберу арқылы тоқтатуға;

*2) тармақша шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалсын (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

2) мобильді-банкингке қол жеткізудің жеке құпиясөзін өз қалауы бойынша өзгертуге құқығы бар.

## 6-тарау. Қорытынды ережелер

### 1-бап. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Шартқа (жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы жеке шарттарға), оның ішінде Банк жаңа редакцияда бекіткен шарттарға және/немесе тарифтерге өзгерістер мен толықтыруларды Банк ҚР заңнамасында және осы тарауда қарастырылған тәртіпте белгіленген жалпы ережелер мен ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырады.

2. Банк Клиентке шартқа (жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарға) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы, оның ішінде Банктің шартта көзделген тәртіппен шарттың жаңа редакциясын бекіткені туралы хабарлайды.

3. ҚР заңнамасына қарама-қайшы келмейтін шартқа (жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарға) кез келген өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде Банк жаңа редакцияда бекіткен шарттар және/несмесе тарифтер заңды күшіне енген күннен бастап шартқа қосылған, оның ішінде бұрын заңды күшіне енген шарттарға қосылған барлық тұлғаларға тарайды.

### 2-бап. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершіліктен босату

1. Өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны үшін әр тарап екінші тараптың алдында ҚР заңнамасына, осы шартқа және жекелеген банктік қызметтерді көрсету туралы шарттарға, сонымен бірге ХТЖ талаптарына сәйкес жауапты болып табылады.

2. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайлары үшін, егер мұндай жағдайлар еңсерілмес күш жағдайларының, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдар, ҚР Ұлттық Банкі шектеулі тыйым салу сипатындағы актілер/шаралар қабылдау, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы, электр энергиясының ажыратылуы, байланыс желілерінің зақымдануы және тараптардың еркіне байланысты емес және шарттың нысанына тікелей қатысы бар өзге жағдайлар үшін жауапты болмайды.

3. Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Банктің қасақана немесе өрескелдігінің заңсыз әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан Клиентте пайда болған құжат түрінде расталған нақты шығынмен шектеледі. Банк Клиент алдында жіберілген пайда үшін ешқашан жауапты болмайды.

4. Нұсқаулықтарға (инкассалық өкімдерге, төлем талап-тапсырмаларына) сәйкес Клиенттің шотынан ақшаны өндіріп алудың негізділігіне мұндай нұсқаулықтарды жіберушілер (өндіріп алушылар) жауапты болады. Мұндай жағдайда Банк Клиенттің оның келісімінсіз шоттан ақшаны есептен шығарғандығы туралы шағымдарын қарастырмайды.

5. Көрсетілген қызметтер/шот бойынша жүргізілген операциялар үшін комиссиялық сыйақы Банкке уақтылы төленбеген жағдайда, Банк Клиенттен әр кешіктірілген күн үшін төленбеген/уақтылы төленбеген соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде тұрақсыздық төлемін (өсімақысын) талап етуге құқылы.

6. Банк Клиенттің төлем тапсырмасын Банктің кінәсінен орындау мерзімін 3 (үш) банктік күннен асатын мерзімге өткізген жағдайда, Клиент Банктен мерзімі өткен әрбір күн үшін ақша аударымы сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %, бірақ ақша аударымы сомасының 1%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық төлемін (өсімпұлын) төлеуді талап етуге құқылы.

7. Банк:

1) Шартта белгіленген тәртіпен міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті деңгейде

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

орындалмағаны;

2) Шарттың ережелерін ескере отырып, ҚР заңнамасына сәйкес банктік құпияны жариялағаны;

3) Банк Клиент тарапынан барлық қажетті және тиесілі түрде ресімделген төлем және өзге құжаттарды алған жағдайда, Банкке түскен ақшаны Клиент пайдасына, оның шотына аударуды кешіктіргені;

*4-тармақша осы шартқа №4 Өзгерістерге сәйкес алынып тасталды (19.04.2021 ж. № 7/2021 хаттама)*

8. Банк:

1) Банк кінәсінен болмаған міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті деңгейде орындалмағаны;

2) үшінші тұлғаның карточка бойынша қызмет көрсетуден бас тартқаны;

3) Клиент сатып алған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасы;

4) Клиенттің Банкке жоғалған немесе ұрланған карточканы бұғаттауы туралы өтінішпен уақтылы жүгінбегендігінен пайда болған салдары;

5) төлем жүйесі мен сауда және сервис кәсіпорны/қолма-қол ақшаны беру пункті арасындағы байланыстың болмауы нәтижесінде Банкке операцияны жүргізуге сұрау келмегендігіне, операцияны жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы;

6) SMS, e-mail, факс, телефон және т.с.с. ашық байланыс арналары арқылы Клиентке жіберілетін мәліметтердің құпиялылығы, егер Клиент көрсетілген байланыс арналары арқылы сұрау салса немесе көрсетілген байланыс арналары арқылы мәліметтерді жіберу туралы нұсқау берсе;

7) Банктің қызмет көрсету желісіне қатысы жоқ қолма-қол ақшаны беру пункттерінде карточка бойынша қолма-қол ақшаны алғаны үшін қандай да бір қосымша сыйақының алынуы;

8) Қызмет көрсету жүйесіндегі қандай да бір апаттар, құрал-жабдықпен байланысты қызмет көрсету жүйесіндегі ақаулар, үшінші тұлғалар пайдалануын және/немесе қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін желілерде электр энергиясының берілуіне және/немесе электр энергиясын берілуі;

9) Клиент құжаттарды ресімдеген кезде жіберген қателеріне және электрондық банктік қызметтерді пайдаланған кезде дұрыс көрсетілмеген телефон нөмірлері мен деректемелеріне;

10) Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату, шот бойынша ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сонымен бірге ҚР заңнамасына сәйкес акцептісіз шоттан ақшаны есептен шығаруға құқылы үшінші тұлғалардың нұсқаулықтары түскен кезде шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін жауапты болмайды.

9. Клиент:

1) Банкпен жасалынған шарттарда қарастырылған өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін;

2) Клиенттің Банкке жоғалған немесе ұрланған карточканы бұғаттау туралы өтінішпен уақтылы жүгінбеуі салдарынан Банкке келтірілген шығынды толық көлемде өтеуге;

3) Клиент кінәсінен Банкке келтірілген шығынтарды және сот шығындарын толық көлемде өтеуге;

4) Клиентті сәйкестендіру және аутентификаттауға арналған шартта қарастырылған құралдарды пайдалана отырып, интернет-банкингте жүргізілетін барлық операциялар;

5) Клиенттің логин, жеке құпиясөз, SMS-кодтар және Клиент пен шарт туралы өзге де ақпаратты жария етуі салдарынан Клиенттің білуі немесе білмеуі бойынша өзге тұлғалар интернет-банкингте немесе электрондық терминал арқылы жасаған барлық операциялар;

6) ҚР заңнамасында бекітілген тәртіппен және мөлшерде шартта қарастырылған мерзімде төлем құжатының қате орындалғаны туралы хабарлама жібермеуі себебінен Банкке келтірілген нақты шығындар;

7) Банктің сұрауы бойынша күмәнді деректер бергені;

*8-тармақша осы шартқа №4 Өзгерістерге сәйкес алынып тасталды (19.04.2021 ж. № 7/2021 хаттама)*

10. Берешекті уақытында өтемеген жағдайда, Банк заңды тұрақсыздық төлемін өндіріп алуға, берешек сомасын ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Клиенттің барлық банктік шоттарынан өндіріп алуға, берешек сомасын Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сот арқылы сот тәртібінде өндіріп алуға, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

коллекторлық агенттіктерге реттеуге және/немесе берешек сомасын өндіріп алуды үшінші тұлғаларға коллекторлық агенттіктерге және үшінші тұлғаларға Банктің тапсырмасын орындауға қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсына отырып табыстауға, сонымен бірге ҚР заңнамасына сәйкес барлық өзге әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

### 3-бап. Дауларды реттеу

Банк пен Клиент арасында туындаған барлық жанжалдар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Даулы сұрақтарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Банктің қалауы бойынша оның немесе филиалының орналасқан мекенжайына байланысты ҚР заңнамасына сәйкес сотқа беріледі.

### 4-бап. Шарттың әрекеті, өзге ережелер

1. Осы шарт белгісіз мерзімге жасалынған.
2. Клиент шарттан біржақты тәртіппен шарт бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, бас тартуға құқылы. Бұл ретте Клиент Банкке шарттың қолданылуын тоқтатудың болжанған күніне дейін 30 (отыз) банктік күн бұрын жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Ағымдағы шотты жабу осы шарттың 2 және 3-тарауларының шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Тараптар банктік қызметтерді ұсынуды реттейтін Банк пен Клиент арасында осы шарттың шеңберінде жасалынған шартты, жеке шарттарды бұзған/тоқтатқан жағдайда, егер өзгеше көзделмесе, мұндай шарттардың талаптарына сәйкес қолданылуын жалғастырады деп таниды.
4. Егер жекелеген шартта өзгеше көзделмесе, Банк осы шарттың шеңберінде банктік қызметтерді ұсынуды реттейтін Банк пен Клиент арасында жасалынған жеке шарттардан шарттың қолданылуын тоқтатудың болжанған күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын тиісті хабарламаны жіберу арқылы біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Банк Клиентке келесі тәсілдердің кез келгенімен хабарлама жібереді (Банктің таңдауы бойынша):

Банктің веб-сайты арқылы;

Клиентке қағаз тасығышта жаңа шартты, өзгерістер және/немесе толықтырулар ескерілген банк өнімдерінің талаптарын ұсыну арқылы;

электрондық пошта арқылы;

SMS-хабарламалар арқылы;

интернет-банкинг (мобильді банкинг) арқылы;

ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсіл арқылы.

Клиент жеке шарттың әрекет етуін тоқтату туралы тиісті түрде хабардар етілген деп Банк Клиентке хабарламаны жіберген немесе хабарламаны жеке кабинетке орналастырған немесе оны Банк ғимаратына берген күні қай күннің бірінші орын алуына байланысты саналады.

Осы шарт шеңберінде Банк пен Клиент арасында жасалынған жекелеген шарттарды тоқтату осы шарттың тоқталуына алып келмейді.

5. Шарттың жекелеген ережелерінің жарамсыздығы шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына алып келмейді.
6. Егер осы шарттың қандай да бір ережесі тиісті жалпы талаптарда белгіленген ережелерге қарама-қайшы келсе, онда жалпы талаптарда белгіленген ережелер қолданылады.
7. Тараптар шарттың тілі ретінде мемлекеттік және орыс тілдерін таңдады. Тараптар шарт тілдерін толық түсінетіндігін, шарттың, сондай-ақ оның жеке бөлімдерінің мәні мен мазмұнын толық түсінетіндігін мәлімдейді. Шарттың мәтіні бойынша айырмашылықтар (қайшылықтар) болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

**Банк деректемелері:**

«Home Credit Bank» АҚ

Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 248

БСН 930540000147

homecredit.kz, home.kz, client@homecredit.kz

Тел.: +7 (727) 244 54 77

**Карточкаларды белсендіру, бұғаттау, ПИН-кодты генерациялау мәселелері жөніндегі байланыс орталығының нөмірі: 7373.**

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

**Интернет-банкинг (мобильді банкинг) мәселелері бойынша Банктің байланыс мәліметтері: байланыс орталығының телефон нөмірі: 7979, электрондық пошта: digital@homecredit.kz.».**

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

**«Home Credit Bank» АҚ**
**жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шартына № 1 қосымша**
**(3-нұсқа)**

## 1. Шектеулі қолжетімділігі бар Клиенттерге электрондық банктік қызметтерді көрсету талаптары

1. Шектеулі қолжетімділігі бар Клиенттерге электрондық банктік қызметтер шартқа, Банктің ішкі ережелеріне, ҚР заңнамасының талаптарына және ХТЖ тиісті ережелеріне сәйкес көрсетіледі.

2. Электрондық банктік қызметтер Клиент шартқа қосылғаннан кейін тіркеу рәсімінен өткен кезде көрсетіледі. Клиент интернет-банкингтегі операцияларды жасауға бағытталған іс-әрекеттерді орындау кезінде шартқа қосылады және бұл Клиенттің шарт талаптарын қабылдағанының белгісі болып табылады.

3. Банк ұсынылатын электрондық банктік қызметтер үшін Клиенттен Банктің сайтында орналасқан банк өнімдерінің тарифтеріне және (немесе) талаптарына сәйкес комиссия алады. Комиссия сомасы операция жасамастан бұрын экранға шығарылады.

4. Интернет-банкинг арқылы шектеулі қолжетімділігі бар Клиент электрондық банктік қызметтердің келесі түрлерін алуға құқылы:

1) интернет-банкингте жүргізілген операциялар туралы ақпаратты қарауға;
2) басқа эмитент-банктер енгізген карточкаларды қарауға;
3) төменде көрсетілген тәртіппен эмитент-банктер шығарған карточкаларды пайдалана отырып, қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға;
4) төменде көрсетілген тәртіппен басқа эмитент-банктер шығарған карточкаларды пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға;
5) төменде көрсетілген тәртіппен кез келген эмитент – банктің карточкаларына басқа эмитент – банктер шығарған карточкаларды пайдалана отырып, аударымдарды жүзеге асыруға;
6) кредит алуға өтінім жіберуге;
7) банк кеңселеріндегі кезекті брондауға;
8) карточкаларды шығаруға және оларға қызмет көрсетуге арналған өтінішті беруге.

Банк электрондық банктік қызметтердің тізбесін және оларды ұсыну тәсілдерін өз қалауы бойынша кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгертуі және/немесе толықтыруы мүмкін.

5. Көрсетілген электрондық банктік қызметтерді алу үшін шектеулі қолжетімділігі бар Клиент телефон нөмірін, ЖСН көрсете отырып, тіркеуден өтуі тиіс. Клиент қажетті деректерді көрсеткеннен кейін, көрсетілген телефон нөміріне тіркеуді растау үшін SMS-код жіберіледі. Клиент SMS-кодты енгізгеннен кейін көрсетілген талаптарға сәйкес жеке құпиясөзді қалыптастырады.

6. Банк электрондық банктік қызметтерді қашықтықтан дербес компьютерлер, электрондық байланыс құралдары және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа әдістердің көмегімен байланыс арналары арқылы көрсетеді. Клиент дербес және өз есебінен өзінің дербес компьютерлері мен байланыстың электрондық құралдарын интернет желісіне қосуды, сонымен бірге пайдаланылатын дербес компьютерлер мен электрондық байланыс құралдарын заңсыз қол жеткізу мен залал келтіретін бағдарламалық жасақтамадан қорғауды қамтамасыз етеді.

7. Тараптар Клиенттің транзакциялық-банктік қызметтерді жүзеге асыруға тапсырмалары, сонымен бірге шарттың талаптарына сәйкес интернет-банкингтің көмегімен қалыптастырылған Клиенттің өзге өтініштері/нұсқаулықтары қағаз тасығышта ресімделген құжаттарға сәйкес келетіндігімен және шарт бойынша тараптарда үйлес құқықтар мен міндеттемелердің туындауына алып келетіндігімен келіседі (ҚР заңнамасына сәйкес қағаз тасығышта әзірленуі және/немесе жасалуы тиіс құжаттар мен шарттарды қоспағанда). Клиенттің операцияны жүргізу фактісінің құжаттық растамасы Банктің тиісті автоматтандырылған жүйесінде операцияларды жүргізу хаттамасы болып табылады. Ол шектеулі қолжетімділігі бар Клиенттің дұрыс аутентификациясын, қосымша сәйкестендіруін және жүйеде операцияның жасалуын растайды.

8. Банк Клиенттің өкілдеріне интернет-банкинг арқылы электрондық банктік қызметтерді қосуға және пайдалануға мүмкіндік бермейді.

9. Банк Клиент жүргізетін төлемдер мен аударымдарды оларға бастамашылық жасаған сәттен бастап 1 (бір) операциялық күннен кешіктірмей жүргізеді.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

10.Банк бастамасы бойынша SMS және push-хабарламаларды электрондық банктік қызметтерді ұсыну шеңберінде тарату Клиенттен комиссиялар мен алымдарды ұстамастан Банктің өз есебінен жүзеге асырылады.

11.Клиентті электрондық банктік қызметтен ажырату Банк бекіткен нысанда қағаз тасығышта тиісті түрде ресімделген және Клиенттің қолы қойылған өшіру туралы өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

12.Банк ХТЖ ережелерін және эмитент-банктердің талаптарын ескере отырып, Банктің комиссияларын есептеместен, аударымдар мен төлемдердің сомасы мен саны бойынша Банк қызметін көрсетуге шектеулерді (бұдан әрі – лимиттер) реттейді. Лимиттерді Банк аударымдардың/төлемдердің сомасына/санына бір жақты тәртіппен өзгертеді. Банк ақша жіберушінің/алушының аударымы бойынша белгілеген лимиттер мен шектеулер үшін жауапты болмайды.

13.Операция ҚР заңнамасының талаптарына және/немесе ХТЖ ережелеріне және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда немесе осы операция алаяқтықпен немесе рұқсат етілмеген әрекеттермен байланысты деген күдік болған кезде Банк Клиентке Банктің электрондық банктік қызметін бір жақты тәртіпте көрсетуден бас тартуға құқылы.

14.Банк Клиентке интернет-банкингтегі «Белсенділік» бөліміне ақпаратты шығару арқылы Банктің электрондық банктік қызметінің нәтижесі туралы хабарлайды.

*2-тармақ шартқа №8 Өзгерістер редакциясында мазмұндалды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)*

**2. Төлем карточкалары, банктік өнімдер бойынша төлемдер, сондай-ақ қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдер арасында ақша аудару бойынша қызметтер көрсету шарттары**

1. Банк Клиенттерге интернет-банкингтің көмегімен төлем карточкалары, банк өнімдері бойынша төлемдер (қолжетімділігі шектеулі Клиенттерді қоспағанда), сондай-ақ қызметтерді жеткізушілердің пайдасына төлемдер арасында ақша аудару бойынша Банк қызметін пайдалануға мүмкіндік береді. Карточканы пайдалана отырып жасалатын операциялар үшін бір мезгілде келесі шарттардың орындалуы қажет етіледі:

1) Банкте/Банк провайдерінде электрондық банк қызметтерін көрсету үшін техникалық мүмкіндіктің болуы;

2) авторландыру нәтижесінде карточка бойынша операция жүргізу бойынша эмитент банктің сәтті расталуы;

3) операция жүргізу үшін Клиенттің карточкасында ақша сомасының жеткілікті болуы;

4) ҚР заңнамасының талаптарында, ХТЖ ережелерінде белгіленген, сондай-ақ осы шартта және карточка шығарылған және қызмет көрсетілетін шарт негізінде көзделген операцияларды жүргізуге тыйым салулардың/шектеулердің болмауы;

5) шарт талаптарына сәйкес Банктің қызмет көрсеткені үшін комиссиясының төленуі (бар болған жағдайда);

6) қызмет жеткізушінің төлем сәйкестендіргішін сәтті растауы (логин\шарттың нөмірі\ID және т.б.).

Ағымдағы шотты пайдалану операциялары үшін келесі шарттарды бір уақытта орындау қажет:

1) Банкте/Банк провайдерінде электрондық банк қызметтерін көрсету үшін техникалық мүмкіндіктің болуы;

2) төлем сәйкестендіргіші қызметтерін жеткізушіні сәтті растауы (логин\шарттың нөмірі\ID және т. б.);

3) операция жүргізу үшін Клиенттің ағымдағы шотында ақша сомасының жеткілікті болуы;

4) ҚР заңнамасының талаптарында белгіленген, сондай-ақ осы Шартта көзделген операцияларды жүргізуге тыйым салулардың/шектеулердің болмауы;

5) шарт талаптарына сәйкес Банктің қызмет көрсеткені үшін комиссиясының төленуі (бар болған жағдайда);

2. Аударымдарды/төлемдерді жүзеге асыру кезінде карточкалардың түрлеріне қойылатын шектеулер:

1) заңды тұлғаның ағымдағы шотына эмитент банк шығарған карточкалар;

2) эмитент банк және/немесе ХТЖ белгілеген операцияларды жүргізуге тыйым салу немесе шектеу және/немесе ҚР заңнамасы бар карточкалардың өзге де түрлері;

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

3) резидент емес банктер шығарған жіберушінің карточкалары.

3. Қызмет көрсетуге сұрауды Банк тек теңгемен қабылдайды. Егер жіберуші карточкасы шотының валютасы аударым валютасынан өзгеше болса, онда аударым сомасы мен авторландыру сұрауына енгізілетін комиссиялар айырбасталады. Аударым сомасын және комиссияны айырбастауды эмитент банк және/немесе ХТЖ белгілеген ережелер мен шарттарға сәйкес эмитент банк жүзеге асырады.

4. Қолжетімділігі шектеулі Клиентке аударым/төлем жасау алдында эмитент банктің төлем карточкасын тіркеу қажет. Төлем карточкасын тіркеу аударым/төлем жасау алдында төлем карточкасы деректерінің деректемелерін енгізу жолымен жүргізіледі. Клиент аудару кезінде төлем карточкасының деректемелерін одан әрі пайдалану үшін сақтауға құқылы.

5. Эмитент банктің карточкасынан ақша аудару үшін Клиент келесі параметрлер көрсетілген нысанды толтыруы керек:

1) карточканың толық 16 таңбалы нөмірі;

2) карточканың қолданылу мерзімі;

3) CVV2/ CVC2;

4) аударым сомасы;

5) аударым жүзеге асырылатын карточканың толық 16 таңбалы нөмірі.

Эмитент банктің карточкасынан төлем жасау үшін Клиент келесі параметрлер көрсетілген нысанды толтыруы керек:

1) төлем сәйкестендіргіші (логин\шарттың нөмірі\ID және т. б.);

2) төлем сомасы;

3) карточканың толық 16 таңбалы нөмірі;

4) карточканың қолданылу мерзімі;

5) CVV2/ CVC2.

Банк шығарған карточкадан немесе Банкте ашылған ағымдағы шоттан төлем жасау үшін Клиент келесі параметрлер көрсетілген нысанды толтыруы қажет:

1) төлем сәйкестендіргіші (логин\шарттың нөмірі\ID және т. б.);

2) төлем сомасы;

3) қаражатты есептен шығару жүзеге асырылатын шот.

Карточкалардан төлемдерді/аударымдарды жүзеге асырған кезде және деректер дұрыс болса, 3D secure енгізу және операцияны аяқтау үшін жаңа бет ашылады. Егер карточкада 3D secure жоқ болса, онда тестілік бұғатталатын сома технологиясы қолданылады. CVV2/CVC2 пайдаланумен, сондай-ақ 3D secure енгізумен бастапқы сәтті операцияны жүргізгеннен кейін эмитент банктің карточкасынан аударым жасау үшін эмитент банктің тарапынан шектеулер болмаған кезде тіркелген төлем карточкалары бойынша Oneclick технологиясын қолдануға болады.

6. Эмитент банк шығарған карточкадан аударым/төлем бойынша қызмет көрсету процесінде Банк қызмет көрсетуге сұрауды қабылдайды және өңдейді, атап айтқанда:

а) Эмитент банктен келісім алған жағдайда, Банк аударым/төлем сомасы және комиссия мөлшерінде жіберушінің карточкасы бойынша бір шығыс операциясына авторландыру/жіберушінің карточкасы бойынша бір шығыс операциясына авторландыру жүргізеді. Эмитент банктен авторландыруда бас тарту алған жағдайда Банк қызмет көрсетуді тоқтатады;

б) аударым жасау үшін эмитент банктен келісім алған жағдайда, Банк аударым сомасы мөлшерінде алушының карточкасы бойынша толтырудың бір операциясына авторландыруды жүргізеді. Эмитент банктен авторландыруда бас тарту алған жағдайда Банк қызмет көрсетуді тоқтатады.

7. Эмитент банк шығарған карточкадан аударым/төлем бойынша қызмет авторландыру нәтижесінде карточка бойынша операция жүргізуге эмитент банктен рұқсат алынған және Банк шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсету бойынша іс-әрекеттерді орындаған жағдайда көрсетілген болып есептеледі. Банк шығарған карточкадан немесе Банкте ашылған ағымдағы шоттан төлем бойынша қызмет көрсету қызметтерді жеткізушіге ақшалай қаражат аударылғаннан кейін көрсетілген болып есептеледі.

8. Көрсетілген қызмет бойынша алушы карточкасының шотына қаражатты аудару мерзімі алушы карточкасының эмитент банкіне байланысты болады. Қызмет көрсетушінің пайдасына қарай төлемді есептеу мерзімі жіберуші карточкасының эмитент банкіне байланысты болады.

9. Банк жауапты емес:

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

1) алушы карточкасының шотына ақша аудару және/немесе төлем жасау эмитент банктің кінәсінен ХТЖ ережелерінде, шартта және ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдер мен өзге де талаптарды бұза отырып жүзеге асырылған жағдайларда;

2) Клиенттің экрандағы операция параметрлерін енгізу сәтінде аударымды/төлемді ресімдеу кезінде жіберген қателері үшін. Бұл жағдайда Банк қызметті Клиентке шартқа сәйкес тиісті түрде және толық сәйкестікте көрсеткен болып есептеледі және Клиент эмитент банкпен және/немесе қызмет провайдерімен одан әрі өзара есеп айырысуларды дербес түрде реттейді.

11. Клиент келесі жағдайлармен келіседі:

- ақшаны аудару/төлеу кезінде карточкадан эмитент банктер белгілеген қосымша комиссиялар мен алымдар алынуы мүмкін екендігімен;

- Oneclick технологиясын қолданған жағдайда, Банк операцияны санкцияланған деп таниды және Клиенттің мобильді қосымшасына қолжетімділікті иеленген үшінші тұлғалардың әрекеттері үшін жауапты болмайтындығымен.

12. Жіберуші карточкасының иеленушісінің шартқа қосылу сәтіне дейін немесе шартқа қосылу сәтінен кейін қызметтің параметрлері расталғанға дейін интернет-банкингте тапсырманы ресімдеудің кез келген сәтінде қызметті қолданудан бас тарту мүмкіндігі бар. Бұл ретте жіберуші карточкасының шотынан алушы карточкасының шотына ақша аударылмайды, Банк комиссиясы алынбайды.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

**«Home Credit Bank» АҚ**
**жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шартына № 2 қосымша**
**(3-нұсқа)**

**Интернет-банкингте (мобильді банкингте), сондай-ақ Банктің веб-сайтында карточкаларды шығару шарттары мен тәртібі**

1. Осы қосымша арқылы Клиенттің интернет-банкингте (мобильді-банкингте), сондай-ақ Банктің веб-сайтында карточка шығаруға онлайн-өтінім беру тәртібі, Банктің берілген өтінімдерге қатысты қабылданған шешімдер туралы Клиентті хабардар ету тәртібі анықталады. Карточканы шығаруға онлайн-өтінімді ресімдеу үшін Клиент дербес компьютерлердің, электрондық байланыс құралдарының және т.б. экрандарында көрсетілген нұсқауларды орындауы қажет.

2. Интернет-банкингте (мобильді банкингте), сондай-ақ Банктің веб-сайтында атауы жоқ карточканы шығару үшін Клиент талап етілетін деректерді толтырады: ЖСН, ұялы телефон нөмірі, Клиенттің аты-жөні.

Интернет-банкингте (мобильді банкингте), сондай-ақ Банктің веб-сайтында онлайн-өтінімдер бойынша атаулы карточкаларды шығару жүзеге асырылмайды.

3. Енгізілген телефон нөмірінің дұрыстығын растау үшін Банк Клиентке біржолғы кодты жібереді, оны Клиент тиісті жолда көрсетеді.

4. Телефон нөмірін растағаннан кейін Банк телефон арқылы Клиенттен карточканы шығару үшін қажетті қосымша ақпаратты нақтылайды.

5. Клиент туралы қажетті ақпаратты толтырғаннан кейін Банк карточканы шығарады.

*6-тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

6. Карточка Клиентке тікелей Банк бөлімшесінде немесе карточканы шығаруға арналған онлайн-өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша беріледі. Карточканы тапсырған кезде Банк жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде қосымша тексеруді жүргізеді, егер карточка карточканы шығаруға арналған онлайн-өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша тапсырылса, Банк Клиентті карточкамен бірге суретке түсереді. Банк Клиенттен ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Клиентті тиісінше сәйкестендіру үшін қажетті қосымша құжаттарды талап етуге құқылы. Виртуалды карточканы шығарған кезде Банк карточканың деректемелерін (карточка нөмірі, қолданылу мерзімі, CVV2-код) мобильді банкинг арқылы Клиентке ұсынады.

7. Банк құжаттарды тексергеннен кейін Клиентке теңгеде ағымдағы шотты ашады. Банк ашылған шоттың және Клиентке арнап шығарылған карточканың деректемелерін интернет-банкингте (мобильді банкингте) көрсетеді.

8. Клиентке карточканы бергеннен кейін Банк Клиентке карточканы алуды растау үшін телефон нөмірі бойынша қоңырау шалады. Клиент одан кейін карточканы белсендіріп, ПИН-код орната алады. Клиент карточканы белсендіруді және ПИН-кодты орнатуды Шарттың талаптарына сәйкес жеке жүзеге асырады.

9. Клиенттің карточканы пайдалануға бағытталған әрекеттері (белсендіру, ПИН-кодты орнату және т.б.) Клиенттің Банк тарифтерімен, сондай-ақ Банктің веб-сайтында жарияланған Шартпен танысқандығын және келісетінін білдіреді, оған Клиент толық және сөзсіз қосылады.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

*№3 қосымша осы шартқа №1 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (04.12.2020 ж. №40/2020 хаттама)*

**«Home Credit Bank» АҚ**
**жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шартына**
**№3 қосымша (3-нұсқа)**

**Мобильді төлем сервистерін қолдана отырып,**
**«Home Credit Bank» АҚ төлем карточкаларын пайдалану шарттары**

## 1. Терминдер мен анықтамалар

Осы шарттарда Шартта көзделген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады

1) **ұстаушыны верификациялау** – ұстаушының өкілеттіктерін растау рәсімі (қол жеткізу құқығын беру). Карточканы тіркеу кезінде ұстаушыны верификациялау шарт жасасу кезінде немесе Банк Клиент туралы ақпаратты жаңарту процесінде Клиент берген телефон нөміріне жіберілген бір реттік кодты енгізу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бір реттік кодтың қолданылу мерзімі шектеулі және оны Банк өзі айқындайды. Бір реттік кодты бір рет пайдалануға болады.

2) **Негізгі карточка** – үнсіз келісім бойынша МТЖ-да төлемдер жасау үшін Клиент таңдаған Банктің төлем карточкасы;

3) **токен провайдері** – NFC технологиясы арқылы төлем жасау үшін қажетті электрондық байланыс құралдарын және/немесе бағдарламалық жасақтаманы және/немесе құрылғыларда көзделген функцияларды әзірлейтін компания, мысалы: Apple Inc., Garmin Ltd., Google немесе Google үлестес компаниясы, Samsung Electronics және т.б.;

4) **мобильді төлемдер жүйесі (МТЖ)** – байланыссыз төлем жүйесінің мобильді төлем қызметі (мобильді қосымша: Apple Pay, Garmin Pay, Google Pay, Samsung Pay және т.б.). МТЖ интернетте (сайтта/интернет-дүкенде МТЖ қолдану көзделсе) және/немесе сауда-сервистік кәсіпорындарда NFC технологиясы бойынша төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

5) **токен** – карточканы тіркеу кезінде қалыптасатын және шифрланған түрде электрондық байланыс құралының қорғалған қоймасында және/немесе токен провайдерінің қорғалған бұлтты қоймасында сақталатын карточканың цифрлық көрінісі;

6) **токенизациялау** – цифрларды (токен) теру арқылы төлем карточкасының деректерін (карточка нөмірі, карточканың қолданылу мерзімі және т.б.) қайта құру (ауыстыру) процесі, бұл процесс МТЖ-ны пайдалана отырып операциялар жасау үшін пайдаланылған карточканы біржақты айқындауға мүмкіндік береді;

7) **құрылғылар** – Apple Pay, Garmin Pay, Google Pay, Samsung Pay, және т.б. қызметтерді пайдалана отырып, төлемдер жасауға мүмкіндік беретін арнайы құрылғылар (мысалы: спорттық сағаттар);

8) Apple Pay - Apple Inc. корпорациясының электрондық байланыс құралдарына арналған мобильді қосымшасы. Apple Pay және iPhone АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері болып табылады;

9) Garmin Pay – Garmin Ltd. компаниясының сағаты көмегімен тауарлар мен қызметтерді байланыссыз төлеу функциясы;

*10)-тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

10) NFC (Near Field Communications) – мобильді құрылғы мен POS-терминал немесе банкомат құрылғысы арасында байланыссыз деректер алмасуды жүргізуге мүмкіндік беретін, әрекет ету радиусы аз, жоғары сапалы сымсыз байланыс технологиясы;

11) **Samsung Pay** – Samsung Electronics корпорациясының электрондық байланыс құралдарына арналған мобильді қосымшасы;

*1-тармақ осы шартқа №5 Өзгерістер редакциясында 12)-тармақшамен толықтырылды (16.08.2021 ж. №16/2021 хаттама).*

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

12) **Google Pay** – Google LLC компаниясы ұсынатын қызметтің көмегімен тауарлар мен қызметтерді төлеуге мүмкіндік беретін байланыссыз төлем әдісі.

## 2. Жалпы ережелер

1. Осы шарттар Банктің Клиентке МТЖ арқылы карточканың деректемелерін пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша есеп айырысу жүргізу бойынша қызмет көрсету тәртібін айқындайды.
2. Осы шарттар:

– Клиент шарттарды толық қабылдайтын карточканы электрондық байланыс құралында/құрылғыда тіркеу процесін;

– МТЖ пайдалану арқылы операцияны жасау және Клиент жасаған операцияны растау тәртібін;

– МТЖ пайдалану арқылы операцияларды жүзеге асыру кезінде Клиенттің және Банктің жауапкершілігін;

– МТЖ арқылы карточканы пайдалана отырып төлем жасау кезінде электрондық байланыс құралын/құрылғыны пайдалану қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды сипаттайды.

3. Банк токен провайдері, МТЖ провайдері болып табылмайды және токен сақталатын Клиенттің электрондық байланыс құралында/құрылғысында орнатылған МТЖ бойынша бағдарламалық жасақтаманы қолдауды жүзеге асырмайды. Электрондық байланыс құралында/құрылғыда МТЖ-ға қол жеткізу үшін мобильді қосымшаны орнату және пайдалану ережелерге сәйкес және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, токен провайдері және/немесе ХТЖ белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.
4. Банк өз тарифтеріне сәйкес МТЖ пайдалану арқылы карточкаларды пайдаланғаны үшін комиссия алады.
5. Шарттар шарт бұзылғанға дейін қолданылады.
6. Шарттардың қолданылуын тоқтату шарттардың қолданылуы тоқтатылғанға дейін Клиент Банкке жіберген өкімдердің заңды күші мен жарамдылығына әсер етпейді.
7. МТЖ-ны POS-терминалдарда пайдалану төлемдерді онлайн авторизациялау кезінде ғана мүмкін болады. МТЖ-ны банк карточкасын кардридерге (POS-терминалда пайдаланылатын карточкалармен жұмыс істеуге арналған құрылғы) салу қажет терминалдарда пайдалануға болмайды.
8. Осы шарттардың кез келген ережелері мен ҚР заңнамасы немесе ХТЖ ережелері арасында сәйкессіздік болған жағдайда, Банк ережелерді ҚР заңнамасына және/немесе ХТЖ ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында талаптарды біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

## 3. Карточкаларды тіркеу

1. МТЖ-ны пайдалана отырып есеп айырысуды жүзеге асыру үшін ұстаушы карточканы келесі тәсілдердің бірімен тіркеуі қажет:

– карточканың нөмірін автоматты түрде толтыра отырып, электрондық байланыс құралының камерасын пайдалану;

– карточканың нөмірін қолмен енгізу;

– токен провайдері айқындайтын техникалық мүмкіндік болған жағдайда, басқа да әдіспен.

*1-тармақша осы шартқа №5 Өзгерістер редакциясында соңғы абзацымен толықтырылды (16.08.2021 ж. №16/2021 хаттама).*

Картаны МТЖ-да немесе Банктің мобильді қосымшасында тіркеуге болады (ApplePay және Google pay үшін қолжетімді).

2. Карточканың жарамдылығын растау үшін CVC2/CVV2 коды технологиясының көмегімен карточканы верификациялау жүзеге асырылады. Карточка белсенді, мерзімі өтпеген болуы керек.
3. Карточка нөмірін осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірін пайдалану арқылы енгізгеннен кейін ұстаушыны қосымша тексеру үшін Банк ұстаушыны верификациялауды және телефон нөміріне жіберілген SMS-хабарламада көрсетілген немесе

Internal Home Credit Bank Kazakhstan This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

Банктің Клиент туралы ақпаратты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жаңарту процесінде алынған бір реттік кодты ұстаушының енгізуі арқылы токенді белсендіруді жүзеге асырады.

4. Карточка сәтті тіркелген жағдайда МТЖ ұстаушыға тиісті хабарлама жібереді.

5. Бір құрылғы үшін МТЖ-ға тіркеуге болатын карточкалардың саны токен провайдерінің немесе Банктің шешімі бойынша өзгеруі мүмкін.

6. Ұстаушы МТЖ-да бір немесе бірнеше токенді өз бетінше жоя алады. Токенді электрондық байланыс құралынан жою токенді пайдалана отырып, операцияларды жүргізуді тоқтатуға әкеп соғады.

7. Карточканың бейнесі карточканың нақты дизайнына сәйкес келмеуі және карточканың жасырын нөмірін (карточка нөмірінің соңғы 4 саны көрсетілген) қамтуы мүмкін.

## 4. Операцияны растау

*1-тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

1. МТЖ-да төлемдер байланыссыз төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін қолдайтын POS-терминал арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

*2-тармақ осы шартқа №6 Өзгерістер мен толықтырулар редакциясында мазмұндалды (30.11.2021 ж. № 24/2021 хаттама)*

2. Токенді пайдалана отырып жасалатын операциялар (төлемдер) электрондық байланыс құралын/құрылғыны POS-терминалға жақындату жолымен жүзеге асырылады.

3. Операция жасау үшін Клиент операция жасалатын төлем карточкасын таңдайды. Үнсіз келісім бойынша, төлемдер негізгі картаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

## 5. Токенді/электрондық байланыс құралын бұғаттау

1. Карточка жоғалған/карточка деректері біреуге белгілі болған/карточканы Клиенттің келісімінсіз пайдаланған жағдайда, Клиент/ұстаушы карточканы бұғаттау мақсатында келесі әрекеттерді орындауға міндетті:

- мобильді банкингте картаны өз бетінше бұғаттау; немесе
- Шартта көрсетілген телефон нөмірлері бойынша дереу Банкке хабарласу; немесе
- Банк бөлімшесіне жүгіну.

Карточка бұғатталған сәттен бастап осы карточканы пайдалана отырып, оның ішінде МТЖ арқылы есеп айырысуға тыйым салынады.

2. Тараптар Клиенттің жеке басы анықталған жағдайда, телефон немесе басқа да байланыс арналары арқылы қабылданған Клиенттің токенді бұғаттау туралы нұсқаулары Банк Клиенттің қолымен расталған қағаз тасығышта алған Клиенттің жазбаша нұсқауларына тең деп танылатынымен келіседі.

3. Токенді бұғаттау Банк Клиенттен токенді бұғаттау туралы хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырылады:

- байланыс орталығына телефон арқылы хабарласқан жағдайда – хабарласқан сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей;
- Банк бөлімшесіне жазбаша өтінішпен жүгінген жағдайда – өтініш берген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей орындалады.

Клиенттің жеке басын анықтау Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Электрондық байланыс құралы/құрылғы немесе оны басқару жүйесі жоғалған жағдайда, Клиент/ұстаушы токенді бұғаттау мақсатында Банкке (жоғарыда көрсетілген тәртіппен) жүгінуі тиіс. Бұл жағдайда Банк тек токенді бұғаттайды, ал карточка бұғатталмайды.

5. Токенді бұғаттаумен қатар, Клиент/ұстаушы құрылғыны бұғаттау немесе барлық деректерді жою үшін «Менің мобильді құрылғымды табу»/«Find My Mobile»/«iPhone табу» қызметін қолдануы тиіс.

6. Токенді бұғаттау немесе оны жою тиісті токен қалыптасқан төлем карточкасының қолданылуын тоқтатпайды және оны пайдалануға техникалық шектеулер қоймайды (төлем карточкасын бұғаттамайды).

Internal Home Credit Bank Kazakhstan
This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

7. Төлем карточкасы бұғатталған сәттен бастап рұқсат етілмеген операцияларға жол бермеу мақсатында электрондық байланыс құралында осы төлем карточкасы бойынша токен бұғатталады.

## 6. Қауіпсіздік талаптары

Клиент/ұстаушы пайдаланатын ақпаратты қорғау шаралары:

– электрондық байланыс құралын/құрылғыны қараусыз қалдырмау;

– құпиясөз және басқа да бұғаттау/бұғаттан шығару әдістерін пайдалана отырып, электрондық байланыс құралында/құрылғыда тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету;

